

Алғы сөз

Жеке адамның қалыптасу қор құжаттары, тарихтың бір бөлігі, аса құнды түпдерек болып табылады. Құжаттарда кездесетін қоғамдық, экономикалық, мәдени-шығармашылық кезең тарихтың бір дәуірін қамтиды.

Әр адамның тұлға болып қалыптасуындағы шығармашылығы мен тарихи даму барысындағы құжаттары жинақталады. Олар әдебиет, өнер, ғылым тарихтарын зерттеуде, онымен қатар жеке ісіндегі жоспары мен атқарған қызметіне байланысты болады. Осыған орай қор құжаттарының ерекшелігі- әртүрлі жүйеленеді. Әр қор құрушы – бір тұлға. Осы тұлғалардың өмір жолдарынан шағын деректер ұсынып отырмыз:

Әлдербаев Молдан Әлдербайұлы (17.12.1925 - 04.05.2010) №459 қор құрушы -ҚазКСР Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібінің Министрі, КСРО-ға танылған өнертапқыш, Қазақ мемлекеттік архитектура-құрылыс академиясының құрметті профессоры, Қазақстан Республикасы ағаш өңдеу өнеркәсібі және жиһаз кәсіпорны Ассоциациясының тұңғыш президенті, Одақ көлеміндегі дербес зейнеткер, Ұлы Отан соғысының ардагері.

«Қазан Революциясы», «Отан соғысы», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» т.б. ордендермен, соғыс және бейбіт күндердегі 20-дан аса медальдармен, КСРО Орман шаруашылық Министрлігінің, Қаз КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының, Қазақстан ОК БЛКЖО құрмет грамоталарымен марапатталған.

«О развитии лесного хозяйства и лесной промышленности» (2001), «О проблемах доступа к лесам России» (2003), «Плантация туралы» (2008), Киіз үй фабрикасының құрылуы, киіз үй жабдықтары туралы т.б. қолжазбалары, Ирак Республикасына барған сапары, Югославия мемлекеті «Югдрово» фирмасымен бірлесіп жиһаз өнеркәсібін өркендету барысындағы (1992, 1993, 1996), Орта-Азия орман өнеркәсібі форумы (2004). М.Альдербаев «Дом без углов» (1986), «Казахский лес: миф и реальность» (1981) атты кітаптары;

Бейсенов Ораз Мақаұлы-(02.07.1934-28.02.2015) №461 қор құрушы «Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген құрылысшысы», экономика ғылымдарының кандидаты, Ресей мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерінің «Еңбек Ері», «Алматықұрылыс» медальдарының иегері.

Орталық стадион құрылысы, (1957); М.Әуезов атындағы қазақ драма театрының құрылысын басталуынан салтанатты сәті (1969); Бөгет салу үшін сол жағалаудағы бейбіт жарылыс (1973); Медеудегі селдің іздері (күз 1973); Д.А.Қонаевқа және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюро мүшелеріне Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік мұражай ғимаратының аяқталған құрылысын көрсетуі (1975); Медеуде болған апатты сел. Төтенше жағдайды жою жұмыстары. Фотоальбом - оқиға сипатталған 24 фотосурет;

Алданазаров Асқанбек Сапарұлы (10.05.1924-18.07.2010)- № 419 қор құрушы, тарихшы ғалым, Ұлы Отан соғысының ардагері, оставкадағы полковник, Республика бойынша Шетелдік әскери тұтқындар комиссиясының мүшесі, «Восходящего солнца» орденінің иегері, «Қызыл жұлдыз» және «І дәрежелі Отан

соғысы» ордендері мен «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Совет Одағының Маршалы Г.К.Жуков» және жеңістің мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Қазақстан аймағы бойынша жерленген, Жапон әскери тұтқындары туралы қолжазбалары, баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар. Қазақстан әскери құрылымдарының тарихын зерттеу жұмыстары, «Помощь казахстанцев в создании Войска польского 1943-1945; «Книга памяти» (Қазақстан аймағы бойынша жерленген жапондық әскери тұтқындардың тізімі, әскери тұтқындар лагерьлерінің, бөлімдерінің, зираттарының нөмірлері, қазақ даласындағы шетелдік жауынгерлер бейіттерінің саны) (1995). «Участие казахстанцев в боях за освобождение Польши от немецко-фашистской оккупации 1944-1945гг» және т.б. қолжазбалық мақалалары;

Мұсабаев Талғат Амангелдіұлы(07.01.1951ж.т)№322 қор құрушы,

– ұшқыш-сынақшы, полковник, Ресей Федерациясының батыры (1994ж), Қазақстан ғарышкер ұшқышы(1995ж), Халық қаһарманы (1995ж), Қазақстан Республикасының Халық батыры (1998ж.) баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар мен суреттер;

Маляр Иосиф Исерович(21.07.1932ж.т) - тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақ КСР-на еңбегі сіңген мәдениет қайраткері (Израил тұрғыны)

«Участие казахстанцев в антифашистской народно-освободительной борьбе в странах Европы в 1942-1945 годах атты» диссертациясының қолжазбалары (1986), «Институт истории партии при ЦК КП Казахстана»(1973), «Академия наук Казахской ССР» (1978), «Дружба народов –источник силы и могущества СССР» (1974), «Их именами улицы назвали» (1983), «Алма- Ата: город, районы, улицы» (1989) атты кітаптардың, «Югославия Федеративтік Халық республикасының құрылғанына 21 жыл» толуына байланысты және «Левон Мерзоян: последние пять лет» деректі фильмдері сценарийлерінің қолжазбалар жинағы;

Ковшарь Анатолий Федорович (17.03.1937ж.т.) №464 қор құрушы - белгілі қазақстандық зоолог, Қазақстан Ғылым Академиясы зоология институты Орнитология зертханасының меңгерушісі, «Селевиния» журналының негізін қалаушы және бас редакторы, Қазақстанның Қызыл кітабының ғылыми редакторы, Қазақстан Құстарын қорғау одағының президенті, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, биология ғылымдарының докторы, профессор;

Гвоздев Евгений Васильевич (12.12.1918-26.01.2012)-№465 қор құрушы, зоолог, паразитолог, ғалым, биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ғылымдарының еңбек сіңірген қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҰОС ардагері, Ленин орденінің иегері (1971), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің медальдарымен және грамоталарымен марапатталған.

Е.В.Гвоздев «Паразиты и заболевания осетровых рыб Азовского бассейна» (қолжазба 2009); Е.В.Гвоздевтің Қ.Сатпаев және И.Галузо туралы (1998,1999), «Научные исследования в заповедниках Казахстана» және т.б.мақалалары (1937, 1946,1964-2005), ғылыми еңбектерінің тізімі (1979);

Исмаилова Гүлфайруз Мансұрқызы (15.12.1929-14.05.2013) №340 қор құрушы, суретші, Қазақ КСР Суретшілер одағының мүшесі(1957), Қазақ КСР-на еңбегі

сінген қайраткер (1958), Қазақстанның халық суретшісі (1988.), «Құрмет белгісі» және «Парасат» ордендерінің иегері (1998).

Құжат құрамында: өмірбаяны (1979), құттықтаулар, 1998 жылы Алматы қаласының ОММ- да өткізілген кездесудің ұнтаспасы. Е.М.Сидоркиннің /жұбайы/ (1981, 1997) В.Сидоркиннің /баласы/(1999) жеке жұмыстары бар;

Қожа – Ахмет Хасен (09.08.1949ж.т.)№327 қор құрушы, саяси, қоғам қайраткері, сатирик, композитор, «Желтоқсан» қоғамдық ұйымдың және «Азат» қозғалысының төрағасы, «Отаншылдар» партиясы ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері;

Сонымен қатар, құжаттарды жинақтау барысында Ж.Бабалық, Х.Қожа-Ахмет, Ғ.Жандыбаев, К.Кенжетаев, Ш.Ниязбеков, А.Хайдаровтың Республика бойынша басқа да архивтерде жеке тектік қорлары ашылған.

Алматы қаласының МА-да сақталатын жеке тектік қорлардың ғылыми-анықтамалық аппараты жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін арттыру және құжаттамалық ақпаратты пайдалануды жеделдету мақсатында осы Жөнсілтер құрастырылды. Жеке қорлардың құжаттары бойынша жөнсілтер қор құжаттарының құрамы туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Жөнсілтерге 2021 жылдың 1 қаңтарына дейінгі архивте сақталған қор құжаттары мен жеке тектік коллекциялардың құрамы, мазмұны, сақтау орны туралы ақпараттар енгізілген.

Жөнсілтер төмендегідей бөлімдерден тұрады:

Жеке тектік қорлар,

Отбасылық қорлар,

Архивтік коллекциялар

Жөнсілтердегі қысқаша ақпарат Алматы қаласы мемлекеттік архиві жеке қорларының құрамы мен мазмұнын ашады.

2003 жылы жарық көрген Жөнсілтерде 29 жеке тектік қор туралы мәліметтер берілген. Ұсынылып отырған Жөнсілтерге бастапқы 29 қор туралы мәліметтер енгізілгенімен өзгертулер мен түзетулер жасалынған жоқ (кейбір қорлардың сақтау бірліктері соңғы қабылдауға сәйкестендірілді).

Бұл жөнсілтерге 115 жеке тектік қор туралы толық ақпарат енгізілді.

Жөнсілтер мемлекеттік және орыс тілдерінде құрастырылған. Анықтамалық құжаттардың құрамы мен мазмұны туралы танысуға мүмкіндік береді. Кей қор құрушылардың тегі қазақ әліпбиінде Ә- орыс тіліндегі нұсқада А әріпінен басталғандықтан екі нұсқадағы алфавиттік орналасу жүйесінде айырмашылықтар бар.

Жөнсілтер алғы сөзден, негізгі және анықтамалық аппараттан және негізгі үш бөлімнен тұрады: жеке қорлар, отбасылық қорлар және топтамалық қорлар. Әр бөлімде қор құрушылардың тегі мен атаулары алфавит бойынша орналасқан, енгізілген барлық қорларға сипаттамалар жасалған.

Қор сипаттамасы: қордың атауы, қор туралы анықтамалық мәліметтер, қор құрушы туралы тарихи-өмірбаяндық анықтама және қор құжаттарының аңдатпасынан тұрады. Қор құрушының тегі мен аты-жөндері толық жазылған. Сондай-ақ кейбір қор құрушылардың тегі (фамилиясы) (1991 жылы Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін өзгерді. Мысалы: Ә.Хайдаров-Ә.Қайдар, Ә.Сығаев-Ә.Сығай, Қ.Мырзалиев-

Қ.Мырза-әлі, Т.Медетбеков-Т.Медетбек т.б. Бұндай өзгерістер кейбір құжаттарда, алғыс хаттарда, қол қойып ата тектерін жазған жазбаларда кездеседі.)

Қор туралы анықтамалық мәліметтер: қор нөмірі, тізімдеме атауы, сақтау бірліктерінің саны, құжаттардың соңғы мерзімі.

Қорлар туралы анықтамалық деректер 2021 жылдың 1 қаңтары бойынша берілген. Қор құрушы туралы тарихи-өмірбаяндық анықтама жеке азат жолмен беріліп - жеке суреті, тегі, аты, әкесінің аты, өмір сүрген уақыты, еңбегі мен шығармашылық қызметі туралы негізгі мәліметтерді қамтиды.

Құжаттардың құрамы мен мазмұны туралы негізгі ақпарат қорларға берілген аңдатпа бойынша жүйелендірілген:

Шығармашылық, ғылыми немесе кәсіби қызмет құжаттары;

Хат алмасулары;

Өмірбаяндық құжаттары;

Қор құрушы туралы құжаттар;

Қор құрушының жинақтаған құжаттары;

Туысқандарының және басқа тұлғалардың құжаттары;

Фотоқұжаттар.

Аңдатпа құжаттар тобына сәйкес азат жолдармен жазылған.

Жөнсілтерге қысқартылған сөздер тізімі мен мазмұны кіретін анықтамалық аппарат құрастырылды.

Ұсынылып отырған анықтамалық архив қызметкерлері мен зерттеушілерге арналған.

АБРАМОВИЧ Б. С.

Алматы қ. МА, 490қ, 1т, 41с.б., 1924-2006 жж.



Абрамович Борис Соломонович (26.05.1924-05.02.2013) - актер, Қазақстан Кинематографистер одағының мүшесі, КСРО Кинематография үздігі, Кеңестік Кино өнерін насихаттау бюросы Қазақ бөлімінің директоры, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері.

Б.С.Абрамовичтің қоғамдық және қызметтік құжаттары: Ш.Айманов атындағы ардагерлер мен кинематографистер халықты әлеуметтік қорғау Қорының құжаттары, 81-гвардиялық Красноград Қызыл Ту орденді

Суворов атқыштар дивизиясының Алматы қаласындағы ардагерлер тобының құжаттары.


Өмірбаянына байланысты құжаттары: Туу туралы куәлігі, өмірбаяны, мінездеме, мамандарды есепке алу бойынша жеке іс парағы, куәлігі, марапаттау куәліктері, марапаттаулар, мандаттар, анықтамалар және т.б.

Фотоқұжаттары: Жеке суреттері. Н.Сац атындағы театр қызметкерлерінің фотоальбомы (қордан тыс кино фото бөлімінде сақталған).

Б.С.Абрамовичтің жинақтаған құжаттары: Қазақстан Кинематография одағының қызметі туралы ақпараттық материалдары. Кітапшалар мен баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар, кинематография қайраткерлерінің мерейтойларын және олардың есімдерін мәңгі еске сақтау бойынша ұйымдастыру құжаттары.

АЗОВСКИЙ-ЭЛЬКИН М. Б.

Алматы қ. МА, 418 қ, 1 т, 13 с.б., 1945-2006 жж.



Азовский-Элькин Михаил Борисович (13.04.1909-21.11.1985)-М.Ю.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрының актеры, ҚазақКСР-нің еңбек сіңірген артисі, Алматыдағы Пионерлер сарайының режиссер-оқытушысы, республика көлеміндегі дербес зейнеткер.

М.Азовскийдің шығармашылығына байланысты құжаттары: авторлық түзетулермен пьеса қолжазбалары, қойылым бағдарламалары.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: еңбек кітапшасы, куәлік.

М.Азовский туралы құжаттар: жұбайы Г.Азовская мен шәкірттері дайындаған «Именины сердца», «Азовцы» естелік кітаптарының алғашқы нұсқалары, баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар.

Фотоқұжаттары: Жеке суреті (түпнұсқа), рольдерді сомдау барысындағы (көшірме) және жұбайы Г.Азовскаямен түскен суреттері.

АЙУП Ғ. Қ.

Алматы қ. МА, 433 қ, 1 т, 80 с.б., 1951-2007 жж.



Айуп Ғалия Қайдауылқызы (01.07.1951 ж.т.)-«Алтын Арқау» мәдени-этнографиялық әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, «Қазақстан Республика білім беру ісінің үздігі», қазақтың дәстүрлі және заманауи «кимешек» үлгісінің авторы және орындаушысы.

Қоғамдық қызметіне байланысты құжаттары: «Қазақстан мұсылман әйелдері қоғамдық бірлестігі мәжілістерінің қаулылары», баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары, шолулар.

Шығармашылығына байланысты құжаттары: Дәстүрлі кимешек негізіндегі қазақ әйелдері бас киімінің қазіргі заман үлгісінің рецензиясы, суреттері.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: Туу туралы куәлігі, С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетті бітіргендігі туралы дипломы, әскери билеті.

Фотоқұжаттары: Отбасылық суреттері, Б.Момышұлы, М.Шаханов, Ж.Кәрменов, Ф.Оңғарсыновалардың және де мәдени іс-шараларға, қоғамдық жұмыстарға байланысты суреттер топтамасы.

Ғ.Айуптың жинақтаған құжаттары: белгілі жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің, дін басшыларының сыйжазба кітаптары, түрлі шараларға шақыру билеттері, хат алмасулары.

АҚЫШ Н. Б.

Алматы қ. МА, 478 қ, 1 т, 52 с.б., 1958-2010 жж.



Ақыш Нұрдаулет Бәбиханұлы (15.07.1950ж.т.)-Әдебиеттанушы, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қазақ әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

Шығармашылық қызметіне байланысты құжаттары: қолжазбалары, Ғ.Мұстафин «Көз көрген», С.Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу», Қ.Жұмаділов «Соңғы көш» т.б. тарихи романдарға жазылған сын-пікірлері, баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары, хат алмасулары.

Н.Ақыштың жинақтаған құжаттары: Балдырған журналының 1 жылғы басылымы №№1-12 (1965ж).

АЛДАНАЗАРОВ А. С.

Алматы қ. МА, 419 қ, 1 т, 273 с.б., 1944-2007 жж.



Алданазаров Асқанбек Сапарұлы (10.05.1924-18.07.2010)- тарихшы ғалым, Ұлы Отан соғысының ардагері, оставкадағы полковник, Республика бойынша Шетелдік әскери тұтқындар комиссиясының мүшесі, «Восходящего солнце» орденінің иегері, «Қызыл жұлдыз» және «I дәрежелі Отан соғысы» ордендері мен «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Совет Одағының Маршалы Г.К.Жуков» және жеңістің мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Қызметіне байланысты құжаттары: күнделіктері, жұмыс дәптерлері, мақала қолжазбалары, жұмыстарының жоспарлары мен есеп берулері, аудармалары, конспектілері, лекциялары, Қазақстан аймағы бойынша жерленген, Жапон әскери тұтқындары туралы қолжазбалары, баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар. Қазақстан әскери құрылымдарының тарихын зерттеу жұмыстары, «Помощ казахстанцев в создании Войска польского 1943-1945»; «О советско-польской дружбев годы Великой отечественной войны Советского Союза. Обустройство тылового района ТВД» Перечень событий 1945 года: «Памятные даты-100 дней перед Победой»; «Книга памяти» (Қазақстан аймағы бойынша жерленген жапондық әскери тұтқындардың тізімі, әскери тұтқындар лагерьлерінің, бөлімдерінің, зираттарының нөмірлері, қазақ даласындағы шетелдік жауынгерлер бейіттерінің саны) (1995). «История человечества не может быть написана без войн» (1945); «Японские могилы на земле Казахстана» (1991); «На похороны отца» (1971), «Участие казахстанцев в боях за освобождение Польши от немецко-фашистской оккупации 1944-1945гг» және т.б. қолжазбалық мақалалары.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: өмірбаяны (2004), дипломы, әскери билеті, шетел төлқұжаты, марапаттау куәліктері, ұстаздығы мен қоғамдық қызметіне байланысты мақтау қағаздары.

Фотоқұжаттары: Жеке, отбасылық, қызмет барысындағы, Германия, Польша, Литва, Ресей т.б. алыс және жақын шетелдерде түскен, түсірген және жинақтаған суреттері мен пленкалары, Қазақстан Республикасы бойынша эксгумация кезіндегі, Қапшағай платинасы құрлысы барысындағы суреттері, үлдірлер.

А.Алданазаровтың жинақтаған құжаттары: «Записки императорского археологического общества» (фотокөшірме 1852); «Устав Ассоциации Фудзи» (1991); «Договор-Россия-Казахстан» (1994); Республика бойынша шетелдік әскери тұтқындар комиссиясының 1941-1945 ҰОС жылдарындағы құжаттары; «Казахстан-Япония» мәдени және экономикалық байланыс Ассоциация құжаттары; К.К. Рокосовский «Солдатский долг»; М.Домбровская «Утренняя звезда», Д.Фирсова «Зима и весна сорок пятого»; М.Чокаев «Туркестан под властью Советов»; З.Залуский «Пропуск в истрию», «Поляки на фронтах второй мировой войны», Я. Пшимановский «Студзянки»; «Культура народной Польши»,

«Польско-русский словарь» сынды орыс және поляк тілдеріндегі кітаптар, баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар.

АЛТАЙ Ш. Ә.

Алматы қ. МА, 342 қ, 1 т, 24 с. б., 1986-1999 жж.



Алтай Шақкәрім Әкрәми—(21.02.1920 -2007) жазушы, аудармашы, ақын, Қытай Халық Республикасынан қоныс аударушы, Қытай Халық армиясының полковнигі.

Қызметіне байланысты құжаттары: Балаларды тәрбиелеу туралы мақалалардың қолжазбалары, Қытайдан қоныс аударып келген қазақтардың мәселелері туралы, дін туралы, М.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына байланысты және т.б. материалдар (1989-1999). «Абай жолы» романы туралы қолжазба, баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары. Абай әндерінің қытай тіліне аударылған аудармасының қолжазбалары; «Батыбай туралы» пьесасы. «Жұлдыз» журналында жариялаған өмірбаяндық мақала (1993). Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевқа арналған Алтай Шақкәрімнің хаты (1996-1997); Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі И.Тасмағанбетовке жолдаған хаты және т.б. хаттар.

Фотоқұжаттары: Қытай Халық Республикасында шығу тегі қазақ болған белгілі адамдармен әр түрлі іс-шараларда жекеше және топпен түскен суреттері (1986-1993).

АРҒЫМБАЕВ Ә. Қ.

Алматы қ. МА, 398 қ, 1 т; 283 с.б., 1933-2005 жж.



Арғымбаев Әбсет Қалиұлы (11.05.1934-13.06.2005)-философ, философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы конституция жобасы құқықтық бағалау сарапшы тобының мүшесі. «Еңбектегі ерлігі үшін» (1982), «Ерлік еңбегі үшін. Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне» (1970) медальдарымен және төсбелгілермен марапатталған.

Ғылыми қызметіне байланысты құжаттары: қолжазбалары, баяндама, ғылыми, оқу-әдістемелік жұмыстары, газет-журналдарда жарық көрген мақалалары, пікірлері мен рецензиялары. «Роль субъективного фактора в гармоническом развитии межнационального и национальных языков народов СССР в период развитого социализма» (1976), «Совершенствование национальных отношений в условиях перестройки» (1987), «Формирование многонациональных трудовых коллективов-важное условие воспитания культуры межнациональных отношений» (1988), «Казахская диаспора как научная проблема» (баяндама 1991), «Перестройка—

национальный вопрос» (қолжазба), «Закономерности развития национальных и межнациональных языков» (1973), «Двуязычие–как фактор сближения наций и народностей в СССР» (1985), «Пролетарский интернационализм–как методологическая основа совершенствования национальных отношений» (1987), «Краткий этнополитический словарь-справочник», «Интернационализм как качество личности и др» тақырыбындағы еңбектері. «Теоритические основы политики КПСС в отношении религии и церкви» (1968), «Закон Каз. ССР о миграции» (1972), «Целенаправленная идеологическая работа необходимое условие совершенствования национальных отношений в СССР» (1986), «Перестройка :национальный вопрос» (1987) атты мақалалары.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: мамандарды есепке алу бойынша жеке іс парағы, еңбек кітапшасы, ғылым академиясы және «Білім» қоғамының куәлігі, партия, кәсіподақ, әскери билеттері; КОКП мүшелігіне тіркеу карточкасы, философия ғылымдарының кандидаттық дипломы, халықаралық төлқұжат, ғылыми коммунизм кафедра доцентінің аттестаты, депутаттық және марапаттау куәліктері, қойын дәптерлері, алғыс хаттар, конференцияларға шақырулар мен бағдарламалар.

Фотоқұжаттары: Жеке суреттері, әртүрлі мерейтойлар мен іс-шараларда: ақын Кенен Әзірбаевтің 80-жылдық мерейтойында, Ғабит Мүсіреповтің, екі мәрте Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың т.б. қоғам қайраткерлері суреттерінің түпнұсқалары (1964-1992).

Ә.Арғымбаевтың жинақтаған құжаттары: Т.Рыскулов «Информация об откочевке казахов из одного района в другой из пределов Казахстана»(1933); Б.И.Искандеров «Некоторые вопросы истории взаимоотношений народов Средней Азии с Россией» (1966), Т.Рыскулов, Г.Бройдо «Восстание казахов и киргизов в 1916 году» атты еңбектің көшірмесі, (1989); Сванберг Ингвар «Казахские беженцы в Турции»; Мәдениеттің сақталуын зерттеу және әлеуметтік өзгерістер (қолжазба), Осман батыр «Казахская золотая легенда» (қолжазба); Мұстафа Шоқай, Ілияс Жансүгіровтің еңбектерінің көшірмелері; корей, дұнған диаспоралары, қоныс аударған немістер туралы құжаттар. Ресей Федерациясы (1991), Америка Құрама Штаты (1787), Франция Республикасы (1958), Қытай Халық Республикасы (1982), Италия Республикаларының (1947) Конституциялары. Орта Азия және Қазақстан Республикасы ғылым академияларының үйлестіру кеңесі директорлары, философия және құқық институттарының жетекшілері және жетекші ғалымдардың материалдары (1992). Босқындардың мәртебесін анықтау туралы рәсімдері мен критерийлеріне басшылық жасау. БҰҰ-ның босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары. Женева (1992). Әйелдер құқығы туралы IV Дүниежүзілік конвенция Пекин (1995).Қазақстан мәдениеті: Дәстүрлер, шындықтар, ізденістер. Ғылыми еңбектер жинағы (1998).

АХМЕТОВА Л.С.

Алматы қ. МА, 697 қ, 1 т, 65 с. б., 1983-2017жж.



Ахметова Лайла Сейсембекқызы (1954 ж. т.)-тарих және саясаттану ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің профессоры, журналист, публицист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Телевизия және радио хабар тарату қауымдастығының мүшесі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Зияткерлік еңбек әйелдерінің одағы» қоғамдық ұйымының төрайымы, Алматы қалалық ҮЕҰ Кеңесінің президиумының мүшесі, Қазақстанның Үкіметтік емес ұйымдар конфедерациясының, Алматыдағы Үкіметтік емес ұйымдар конфедерациясының (АКНО) негізін қалаушы және президенті, «Ер-Азамат» ҮЕҰ-ның негізін қалаушы, Қазақстандағы Әлеуметтік және қоғамдық ғылымдар ұлттық стратегиясын әзірлеу жөніндегі сарапшылар тобының мүшесі (ЮНЕСКО-Қазақстан) бірнеше медальдардың иегері (2005), «Мәдениет қайраткері» (2002) және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2004) құрмет белгілерімен марапатталған.

Шығармашылық және ғылыми қызметіне байланысты құжаттары: Журналистика факультетінің студенттері үшін тұрпатты және оқу-жұмыс бағдарламалары (1998-2001), арнайы курстық әдістемеліктер (1993-1995), конкурстар мен іс-шараларды өткізу туралы шығармашылық есептер (2008), ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп беру андатпалары (2009); Л.Ахметованың шығармашылық және ғылыми еңбектері: «Патриотизм в ракурсе истории» (1996), «Журналист и основы конфликтологии» (1999), «Оценка и мониторинг СМИ в выборный период» (2003); Л.Ахметова әзірлеген Алматы қаласының әкімдігі, үкіметтік емес бірлестіктер және т.б. жерлерде өткізілген семинарлардың орыс және қазақ тілдерінде құжаттары; «Алматы қаласының ҮЕҰ. Мәліметтер базасы». Л.Ахметованың және бірлескен авторлар тобы шығарған кітаптар, оқулықтар: Л.С.Ахметова, В.К.Григорьев «Измерение демократии на выборах» (2007), Л.С. Ахметова, В.К., Григорьев Г.Н.Шойкин «Алихан Букейханов поиск ориентиров», Л.С. Ахметова «Пресс-релиз.Пресс-конференция.Опыт работы» (2008); оқулықтар-Л.С.Ахметова, А.Балаева, Д.Баранова, И.Загребина «Трудоустройство: как быть принятым на работу» (2009); Ахметова Л.С., Абдиров Н.М., Когамов М.Ч., Соловьева А.С. и др.«Становление местного самоуправления, как основы устойчивого развития регионов» (2010); Л. Ахметова, А.Веревкин, Т.Лифанова «Основные параметры Казахской идентичности» (2009); Л.Ахметова, А.Веревкин, В.Григорьев, Т.Лифанова «Патриотизм сегодня: к юбилею Победы» (2010); Л.С.Ахметова, В.К.Григорьев «Первые лица Казахстана в Сталинскую эпоху» (2010); Л. Ахметова, А.Веревкин, Т.Лифанова «Алматы- город, в котором я живу» (2010); Л.С.Ахметова «Трудоустройство: как быть принятым на работу» (2009), «Отцы и дети: проблемы и перспективы» (2010), «Государственная информационная политика в Казахстане, взгляд в будущее» (2010); «Становление местного самоуправления, как основы устойчивого развития регионов» (2010)

«Школьники Алматы о патриотизме» (2012), «Гендерное равенство, опыт работы» (2012), «Алматы: семейные ценности и гендерное равенство» (сборник трудов и публикаций, 2014), «PR и СМИ в Казахстане» (ғылыми еңбектерінің жинағы, 2014-2016), «Женщины-лидеры города Алматы» (2015), «Блокада. Мы помним все»- Ленинградтық блокада тұрғындарының естеліктер жинағы, қайта басылымға редакциялаған Л. Ахметова (2015), «1941 Брестская крепость. Казахстан» (2016), «Казахстанцы-участники обороны Брестской крепости» (2016); Л.С.Ахметова, А.Балабаева, Д.Баранова, И.Загребина «Работа в кризисное время: советы друга» (2010); Л.С.Ахметова, А.В.Веревкин, Д.С.Баранова, Т.Ю.Лифанова «Партнерство в профориентационной работе» (2011); Л.С.Ахметова, В.К.Григорьев «Панфиловцы: 60 дней подвига, ставших легендой» (2013), Л.С.Ахметова, А.В.Веревкин, Т.Ю.Лифанова, Д.Шорохов «Медиаобразование Казахстана» оқу-әдістелік құралы (2013), Л.С.Ахметова, А.В.Веревкин, Т.Ю.Лифанова «Медиаобразование и медиаграмотность, теория, методология, практика» оқулық (2015), Л.С.Ахметова, А.А.Кудабай «Казахстанское медиапространство» (2017).
Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттарының көшірмелері-жеке куәлік, мамандарды есепке алу бойынша жеке іс парағы (2001), қызметтік куәліктер, анықтамалар (2007 ж.), куәліктер, ұсыныс хаттары; құттықтау хаттары, мерейтой күндеріне байланысты достары, әріптестері, қоғам қайраткерлерінің арнау өлеңдері және т.б.

Ахметова Л.С. туралы құжаттар: баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар (газет қиындылары 1983-2010), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика тарихы кафедрасының профессоры Л.К.Ахметованың сандық және сапалық шығармашылық көрсеткіштері туралы сұхбат.

Л.Ахметованың жинақтаған құжаттары: «Қазақ мемлекеттік университетінің хабаршысы» (1994-1996); БАҚ-да патриоттық тақырыпты жариялауға арналған әдебиеттер тізбесі (1995); әйел теңдігінің 100 жылдық мерейтойына арналған Нью-Йорк тоқымашысының лайықты еңбек және гендерлік тақырыптағы әйелдер құқықтары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған Журналистер арасындағы республикалық байқаудың үздік құжаттары (2008); Халықаралық тәжірибелік конференциялар, семинарлар, конкурстардың құжаттары.

ӘБУОВ Т.

Алматы қ. МА, 622 қ, 1 т, 20с.б., 1957-2014 жж.



Әбуов Тұрсын (06.06.1936-30.05.2019) суретші-кескіндемеші, мүсінші, ландшафт дизайнері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері (1998), КСРО және Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі (1969), «Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер». Республикалық, бүкілодақтық, халықаралық көрмелерге қатысқан. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталған.

Қызметіне байланысты құжаттары: «Қаламбаев қобызы» (1977), «Ловля лошади» (1978), «Все для фронта» (1990), «Воспоминания о детстве» (1994), «Абай» (1994), «Жнецы» (1996), «Аул» (2007) картиналарының түпнұсқалары; суреттерінің алғашқы сызбалары, бүктемелері, баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар (1986-2011).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттары-шығармашылық жетістіктері, қоғамдық іс-шараларға белсене атсалысқаны үшін, мақтау қағаздары, куәліктерінің көшірмелері, құттықтаулар мен шақырулар.

Фотоқұжаттары: Жеке, отбасылық және қызмет барысындағы суреттері.

ӘБІРОВ Д.Т.

Алматы қ. МА, 452 қ, 1 т, 91 с.б., 1933-2007 жж.



Әбіров Дәурен Тастанбекұлы (06.11.1923-08.06.2001) - ұлттық төлтума хореография өнерінің тұңғыш кәсіби бишісі, балетмейстер, қазақтың ұлттық би өнерінің іргетасын қалаушылардың бірі, Қазақ КСР-не еңбек сіңірген өнер қайраткері (1958), өнертану ғылымдарының кандидаты (1979), Қазақстанның халық артисі (1984), профессор, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының бас балетмейстері (1952-1977), Т.Жүргенов атындағы театр және кино институтының кафедра меңгерушісі (1984-1989), қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтында хореография бөлімінің басшысы (1989-1998), ҰОС ардагері. «Еңбек Қызыл Ту Ордені», «Еңбектегі ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарының иегері және Ұлы Отан соғысының жеңісіне арналған естелік медальдарымен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамоталарымен марапатталған (1958, 1983, 1984).

Қызметіне байланысты құжаттары: «Становление и развитие казахского танца на профессиональной сцене» тақырыбына жазылған өнертану ғылымдарының кандидаттық диссертациясы (1978); «Баян» немесе «Не побежденная любовь», «Қамажай», «Махаббат туралы аңыз», «Эсмаральда», «Старик Хоттабыч», «Ұтыс биі», «Аққудың айырылуы» т.б авторлық түзетулермен машинкалық нұсқа; «Воспоминания о Йеменской арабской республике и художественном творчестве ее народа» (1982), Йемен халқының би қозғалысы туралы қолжазбалары мен қойын дәптерлері; Д.Әбіровтың «О нуждах в балетных кадрах», «Проблемы хореографии», «Все же нужна истина», «Необходимо возродить танцевальный язык казахского народа», «Истоки казахского народного танца» (1985) машинкалық жазбалары; «Қазақтың халық билері» 1984), «Истоки и основные элементы казахской народной хореографии» (1992), «Танцы для детских садов» (1996), «История казахского танца» (1997), «Описание движений мужского и женского танца»; тақырындағы кітаптар, оқу-әдістемеліктер; «Становление и развитие казахского танца на профессиональной сцене» монографиясы (1990); Алматы мемлекеттік Көркем-театр институтының сахна қозғалысы және дене тәрбиесі кафедрасы мәжілістерінің хаттамалары (1985-1988); диссертацияларға

жазылған пікірлер, өнертану кандидаттығы ғылыми дәрежесіне ұсыныстар, атқарылған жұмыстар туралы есеп берулер (1977-1979, 1928, 1985-1995); ғылыми және әдістемелік еңбектерінің тізімі, кітаптар, мақалалар, Д.Әбіровтің баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары (1957-2004), Қаз.Мем.ҚПИ музыкалық-педагогика факультеті хореография бөлімінің концерттік афишалары, бағдарламалары, бүктемелері.

Хат алмасулары: Қызмет барысындағы хат алмасулар (1975-2006), Д.Әбіровтің Қазақстан КОКП ОК бірінші хатшылары: Д.А.Қонаевқа (1975), Г.В.Колбинге (1987), Қазақстан Республикасының президенті- Н.Ә.Назарбаевқа, Алматы қаласының әкімі- В.В.Храпуновқа, Қаз КСР Мәдениет комитетінің төрайымы М.М.Ахметоваға және т.б. жазған хаттары. Өзбек КСР-і Хамза атындағы өнертану институтынан, Қазақ КСР-нің халыққа білім беру министрлігінен, КСРО Мәдениет министрлігінен, Қазақ КСР Жоғары және орта арнайы білім министрлігінен Д.Әбіровке келген хаттар (1985-1989); В.В.Васильева, Н.Деменьтева, Т.Жұмабекованың т.б және жеке хаттары; ұлы және оның балаларынан келген отбасылық хаттар (1973-1977);

Өмірбаянына байланысты құжаттары: өмірбаяны, мінездемесі, дипломы, куәліктерінің көшірмелері, анықтамалар, еңбек келісімдері, Құрмет грамоталары (1956-2001), түрлі іс-шараларға шақыру билеттері, құттықтаулар.

Д.Әбіров туралы құжаттар: К.Д.Айтқалиеваның «Творческое наследие балетмейстера Д.Абирова» атты ғылым кандидаттығы дәрежесіне жазылған диссертациясы (2007), Д.Әбіров туралы баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар (1957, 2004).

Фотоқұжаттары: Жеке, жанұялық, топтық, Д.Әбіровтің рөлдерді сомдау барысындағы, «Қаламқас» би ансамблімен, студенттер және шәкірттері арасындағы суреттері.

Д.Әбіровтің жинақтаған құжаттары: «Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің декадасы» альбом мен бүктеме (1985), «Абай атындағы қазақ мемлекеттік опера және балет театрының» альбомдары (1984, 2002);

Кітаптары: М.Фокин «Против течения. Воспоминания балетмейстера»; «Музыкальный театр казахского народа» (1961), Л.П.Сарынова «Балетное искусство Казахстана» (1976), А.Райымбергенов, С.Аманова «Голоса народных муз» (1990), Ростислав Захаров «Слово о танце» сыйжазба (1979), «Панорама искусств»-мақалалар топтамасы (1986) және т.б.

Жары А.Исмаилованың құжаттары: Техника ғылымдарының кандидаты, доцент, ҰОС жылдарындағы тыл ардагері Азатгүл Исмаилованың жеке құжаттары-өмірбаяны, қызметтік куәлігі, дипломдары, марапаттарының куәліктері, анықтамалар, мақтау қағаздары, авторлық куәліктер, құттықтаулар (1933-1994), баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар (1957, 1961, 1963, 1985).

ӘБІШҚЫЗЫ С.

Алматы қ. МА, 338 қ, 1 т, 100 с. б., 1956-2002 жж.



Әбішқызы Сайраш (01.05.1944ж.т.)

журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (1981), «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы (1987 жылдан бастап), Алматы қалалық Кеңесінің депутаты (1989-1991), Ыбырай Алтынсарин атындағы медальдің (1992) және «Құрмет» орденінің (1995) иегері, Қазақстан Журналистер одағы басқармасының мүшесі, «Қазақстан-Қырғызстан» бауырластығының төрайымы (1996), М.Сералин атындағы сыйлықтың лауреаты (1997).

Шығармашылық қызметіне байланысты құжаттары:

С.Әбішқызының кітаптары: «Реформа. Жаңа кезең. Жақсы нышандар» (1985), «Нұрлы жол». Мақалаларының қолжазбалары: (1990-1999), кітаптары: (1985), «Нұрлы жол» (1986). Баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары: «Қазіргі қазақ поэзиясындағы бейбітшілік үшін күрес» (1971), «Қаламқастың дөңгелек столынан репортаж» (1977), «Жақсылыққа жаралған жан» (1978), «Талантына талабы сай» (1979), «Таланттар туралы толғаным» (1979 ж.), «Әңгіме өзін-өзі тәрбиелеу жайында» (1979), «Қайсымыз кінәліміз» (1979), «Беташар» (1979), «Жемісті жол» (1979), «Жеткіншектер жетекшісі» (1979), «Бірінші мұғалім» (1979), «Жүрек қалауы» (1980), «Қыранда жайқалады қырмызы гүл» (1980), «Қала қақпасының иесі» (1980), «Атырау асылдары» (1980), «Көкталдың кең жиегінде» (1981), «Қырсыздықтың кесірінен» (1980), «Хирург Пану Какенова» (1981), «Бәрі де халық игілігі үшін» (1981), «Жыр арқауы бейбітшілік» (1988), «Озық ой мен озық тәжірибе мектебі» (1989), «Қыруар жұмыс күтіп тұр» (1989) «Қоғамды құрған құрылтай» (1989), «Тілі зордың-елі зор» (1989), «Жауырды жаба тоқып не ұтамыз?» (1990), «Мост дружбы» (1994), «Газет мектебінен өткендер» (1994), «Мерейің биік болсын» (1995), «Педагогикалық баспасөз - баршаға», «Қазақстан мектебі журналына 70 жыл» (1995), «Абыройлы асқар асу» (1995), «Бавария сабақтары» (1996), «Өркениет өрнектері» (1996), «На пути к рыночной экономике», «Тіл уызының қайнар бұлағы» (1996), «Адамгершілік жол қайда?» (1997), «Жол ұзара берсін» (1998), «Қазақтың баласы мектепте қазақша оқысын» (2000), «Байжанов туралы естелік» (2000), «Қазаққа той емес ой керек» (2000).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: Семей облысының Ақсуат орта мектебін бітіргендігі туралы аттестат (1961), Абай атындағы ҚазПИ-ді бітіргендігі туралы диплом көшірмесі (1965), партиялық, кәсіподақ, комсомол, әскери билеттерінің көшірмелері, КСРО Журналистер одағының мүшелік билеті (1978), мінездемелер, «Құрмет» орденімен (1995) және М.Сералин атындағы сыйлықпен (1997) марапатталғандығы туралы куәліктердің көшірмесі, Республика басшыларынан келген құттықтаулар (1997), Құрмет грамотасы (1977) билеттер. Қор құрушының әкесі туралы құжаттар.

С.Әбішқызы туралы құжаттар: «Даланың ұлы қыздары» энциклопедиясында басылған өмірбаяны, Республика газеттері мен журналдарына

берген сұхбаттары (1988-1999); «Жыр арқауы бейбітшілік» (Л.Е. Ауешова, А.Даирова, Р.Құтқожина).

Фотоқұжаттары: Студенттік кездердегі суреттер (1965); С.Әбішова Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара ауданында (1980); ҚХР-да (1990), «Қазақстан мектебі» журналының редакциясында (1991-1998), МХР-да (1997), ҚР Президенті Н.Назарбаевтың қабылдауында болған кезі (1998); Қызылорда қаласы М.Мәметова атындағы педучилищеде С.А.Назарбаевамен бірге «Болашақ» мектебіндегі кездесу, Байқоңырда, Наурыз мейрамында, М.Әуезовтың туғанына 100 жыл толуына байланысты салтанатты жиналыс кезіндегі суреттері.

ӘКІМ Т.

Алматы қ. МА, 471 қ, 1 т 208 с.б., 1939-2006 жж.



Әкім Талатбек (12.04.1936-31.12.2018)

- филология ғылымдарының кандидаты, Әуезовтанушы, Әуезов музей-үйінің іргетасын қалаушылардың бірі, М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтының аға ғылыми қызметкері.

Шығармашылық қызметіне байланысты құжаттары:

М.Әуезовтің шығармашылығына зерттеулер (М.Әуезовтың өмірі мен шығармашылығының шежіресі, мақалалар, «Абай», «Абай жолы» шығармаларына жазылған ой-пікірлер) қолжазбалық және машинкамен басылып, қолмен түзетілген («Орта Азия тарихы», «Қара қыпшақ Қобланды») мақалалары, пікірлері, жазба дәптерлері, очерктер, есеп берулері, баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар; Т.Әкімнің әдебиет, өнер, философия туралы қолжазбалары; «Нығмет Ғабдуллиннің повестері» тақырыбындағы диплом жұмысы, М. Әуезовтің «Өскен өркен» романының творчестволық тарихына жазылған қолжазба құқығындағы диссертация және т.б.

Хат алмасулары: қызмет барысындағы хат алмасулар.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: мінездемесі, күнделігі, еңбек кітапшасы, мүшелік билеттері, жеке құжаттарының көшірмелері, құттықтаулары.

Фотоқұжаттары: жеке, отбасылық және әріптестер арасындағы, Әуезов музей-үйіне келушілер мен шығармашылық кештердің суреттері

Т.Әкімнің жинақтаған құжаттары: М.Әуезовтің әдебиетші-әріптестері: П.Н.Кузнецов (1943), Е.В.Лузинова (1961), З.Шашкин (1961), М.Базарбаев (1961), С.Злобин (1969) жазған хаттарының көшірмелері, өзін қызықтырған тақырыптағы мақалалар.

ӘЛІМБЕКҰЛЫ Т.

Алматы қ. МА, 439 қ, 1 т, 45 с.б., 1972-2008 жж.



Әлімбекұлы Толымбек (18.03.1954 ж.т.)-Республикалық «Ара» журналының бөлім редакторы, Қазақстан теледидары «Орда» шығармашылық телебірлестігінің бас редакторы, М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық қазақ драма театры көркемдік жетекшісінің әдеби кеңесшісі «Қазақконцерт» бірлестігінің сценарисі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, КСРО Журналистері одағының мүшесі.

Шығармашылық қызметіне байланысты құжаттары:

қолжазбалық сценарийлер (1990, 1991, 1993, 2002); сценарийлер (машиналық жазба 1995-1997); өлеңдер «Сәлем Қазақстан», «Әкімнің ішкі монологы», «В жанре пародии» (қолжазба, машиналық жазба); өлеңдер жинағы: «ЫМ жым» (2001), «Тойда жолығайық» (2003,2005), «Күле білгеніміз- өмір сүре білгеніміз» (2007); Т. Әлімбековтың мерзімді басылымдардағы (газет, журналдар) мақалалары мен туындыларының үзінділері (1989-2010).

Жеке құжаттары: сегізжылдық және орта білімі туралы куәлігі мен аттестаты (1969, 1971), Әдебиетшілер үйі директорының куәлігі (2001), Қазақстан Жазушылары одағының мүшелік билеті (1996), КОКП билеті (1985), Республикалық «Қазақстан телеарналар мен радио» корпорация редакторының куәлігі (1994), КСРО Журналистері одағының мүшелік билеті (1984), диплом Қазақ КТК (КВН) Лигасы (2004), Қазақстандағы Қырғызстан Республикасы елшілігінің құрметті ақыны дипломы, III–Республикалық «Атамекен» патриоттық өлеңдер конкурсының дипломы (2006), Жамбыл облыстық ЛКЖО комитетінің құрмет грамоталары (1982,1985), құттықтау және шақырту хаттары (2004-2009).

Т. Әлімбекұлы туралы құжаттар: мерзімді басылымдардағы

Т. Әлімбеков туралы мақалалар (газет қиындылары).

Фотоқұжаттары: жеке (1972-2000), курстастарымен, журналист және жазушы қызметтестерімен түскен суреттері (1977-1990).

Т.Әлімбековтің жинақтаған құжаттары: Пекиндегі өткен XXIX Олимпиаданың жолдамалары мен бүктемелері (2008), «Жазира» журналы (2004,2006); Т.Әлімбеков мақалалары, «Келбет» (2004, 2005, 2007), «Жұлдыз» (2008), «М.Әуезов атындағы драма театрына 80 жыл» бүктеме.

ӘЛДЕРБАЕВ М. Ә.

Алматы қ. МА, 459 қ, 1 т, 96 с.б., 1970-2009 жж.



Әлдербаев Молдан Әлдербайұлы (17.12.1925 - 04.05.2010) -ҚазКСР Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібінің Министрі, КСРО-ға танылған өнертапқыш, Қазақ мемлекеттік архитектура-құрылыс академиясының құрметті профессоры, Қазақстан Республикасы ағаш өңдеу өнеркәсібі және жиһаз кәсіпорны Ассоциациясының тұңғыш президенті, Одақ көлеміндегі дербес зейнеткер, Ұлы Отан соғысының ардагері.

«Қазан Революциясы», «Отан соғысы», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» т.б. ордендермен, соғыс және бейбіт күндердегі 20-дан аса медальдармен, КСРО Орман шаруашылық Министрлігінің, Қаз КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының, Қазақстан ОК БЛКЖО құрмет грамоталарымен марапатталған.

Шығармашылық және кәсіби қызметіне байланысты құжаттары:

«О развитии лесного хозяйства и лесной промышленности» (2001), «О проблемах доступа к лесам России» (2003), «Плантация туралы» (2008) т.б. қолжазбалары Ирак Республикасына барған сапары, Югославия мемлекеті «Югдрово» фирмасымен бірлесіп жиһаз өнеркәсібін өркендету барысындағы (1992, 1993, 1996), Орта-Азия орман өнеркәсібі форумы (2004). М.Альдербаев «Дом без углов» (1986), «Казахский лес: миф и реальность» (1981) атты кітаптары.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: өмірбаяны, 80 жылдық мерейтойына орай жазылған естелігі (2005), мемлекеттік марапаттарға ұсыныс қор құрушы туралы баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар, құттықтаулар мен шақыру билеттері (1986-2008).


Хат алмасулары: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі кеңсе басшысына (2002, 2003, 2005), Қазақстан Республикасы Индустрия және Сауда Министріне, Алматы қаласының әкімі И.Н.Тасмағамбетовке жазылған және Алматы қаласы өнеркәсіп және кәсіпкерлік Департаментінің директоры Е. Шормановтың хаты.

Фотоқұжаттары: Жеке, отбасылық (1970-2009), туған жерінің, қызмет барысындағы- Д.А.Қонаев пен және іс – сапарлардағы суреттері(1978, 1985).

М.Әлдербаевтың жинақтаған құжаттары: сыйжазба кітаптары мен өзін қызықтырған тақырыптарға орай жинақтаған журналдар мен газет қиындылары (1984-2007).

ӘШІМҰЛЫ А.

Алматы қ. МА, 438 қ, 1 т, 197 с. б., 1937-2011 жж .



Асанәлі Әшімұлы (08.05.1937ж.т.)-актер, кино және театр режиссері, театр оқытушысы. Қазақ КСР (1973) және КСРО (1974) мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ КСР (1976) және КСРО (1974) Қазақ КСР (1976) және КСРО (1980) халық артисі, Алматы қаласы Халық депутаттар кеңесінің депутаты (1976-1980), КСРО кинематографистер басқармасының мүшесі, халықаралық кинофестивальдардың жеңімпазы; «Қазақфильм» киностудиясының актері және режиссері (1959-1964), Әуезов атындағы Қазақ драма театрының актері, көркемдік жетекшісі (1964-1988), Т.Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының оқытушысы және профессоры, «Елім-ай» киностудиясының президенті. «Ботагөз» (1958), «Қыз Жібек» (1970), «Атаманның ақыры» (1970), «Транссібір экспресі» (1977) фильмдеріне түскен. Кино режиссер ретінде түсірген фильмдері: «Жылан жылы» (1981), «Аты аңызға айналған Шоқан» (1985), «Жусан» (1986) және т.б.«Қарапаш асуындағы атыс» (1968), «Шоқан Уалиханов» (1983,1984)

фильмдерінің сценарийін жазған. Сценарист және әртіс ретінде "Манчжур нұсқасы" (1989), «Сіз кімсіз К. мырза?» (2009) фильмдерін, сценарист және режиссер ретінде "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" (1992), "Тұзды көл жағасындағы үй" (2004) фильмдерін түсірді. «Ерен еңбегі үшін» (1970) мерейтойлық медалмен, «Отан» (2001), «Құрмет» (2007), «Парасат», Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы достық байланыс, мәдениет саласын кеңейтудегі зор еңбегі үшін Ломоносов орденімен (2007), I дәрежелі "Достық" (2014) ордендерімен марапатталған.

Шығармашылығына байланысты құжаттары: Режиссерлік сценарийлері "Суыт жортқан жаушылар", "Жылан жылы", "Аңызға айналған Шоқан", "Қозы - Көрпеш Баян-сұлу", "Құдайлар сыйы", "Абылай хан", "Жыл мезгілдері", "Әке", "Алдар көсе", - кітаптары: "Асанәлі" (2000), "С любовью Ваш Ашимов" (2012); "Майраның әні" кітабы мен қолжазбасы (1995, 2000), қолжазба "Жар рухымен сырласу".

Хат алмасулары: қызмет барысындағы хаттары (1988-1997, 2003); құттықтаулар жеделхаттар, (1982-2007), әр түрлі іс-шараларға шақыру билеттері ілеспе хаттары.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: өмірбаяны (1987), мамандарды есепке алу бойынша жеке іс парағы, қызметтік куәліктері, медальдарының куәліктері, бүктемелер, дипломдар (1983-2007), алғыс хаттар мен құрмет грамоталары (1972-2007); мерейтойлық құттықтаулар, адрестік папкалар (1977,1987, 1997, 2007). Жары Майра Айманованың құжаттары: дипломдар, алғыс хаттар мен құрмет грамоталары (1969-1984)

А. Әшімов туралы құжаттар: А.Сейдімбеков "Асанәлі Әшімов", «Мои года мое богатство»- фотосессия, журналдар мен газеттерде жарияланған мақалалар, " А. Әшімов 70 " мерейтойлық бүктеме.

Фотоқұжаттары: А.Әшімовтің жеке суреттері, жары Майра Айманова, ұлдары Мәди, Сағи және немерелері.

М.Айманованың зиратында, жары–Бағдат, ұлы Асанәлі; Қазақстан Республикасының президенті-Н.А.Назарбаев және А.Әшімов, генерал Шаяхметов және А.Әшімов. Топтық фотосуреттер: А.Әшімов, Н.А.Назарбаев, И.Тасмағамбетов, Ш.Құлмаханов (2003); А.Әшімов, С.Азимов, М.Кұл- Мұхаммед, Н.Ықтымбаев; А.Әшімов достарының және өнерін бағалаған халық арасында; Ташкен қаласындағы Өзбекстанның драма театры әртістер-ұжымымен; ресейлік әріптесі-актер және режиссер Н.Михалков (1999), С.Светлична, А.Джегарханян (2004), әнші-продюссер И.Кобзон, әнші -Д.Гурцкая және т.б.; А.Әшімов сомдаған рөлдер (кино және спектакль суреттері 1961-2002). Ұлы Сағи Әшімовтің Ш.Уәлиханов, Қодар рөлдеріндегі суреттері. М.Айманова, Б.Төлегенованың суреттері. «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Шыңғысхан», «Көшпенділер» фильмдерде сомдаған рөлдерінің, отбасылық, өнер, қоғам және мәдениет қайраткерлері мен туыстарының бірге түскен суреттері мен үлдірлер (негативтер) топтастырылған.

А.Әшімовтің жинақтаған құжаттары: К.Исабек-«Потомок сако-скифов», Д.Манабай «Дядя, я тебя убью»? , Е.Шынарбаев- «Спящая сеть», Н.Абуталиев - «Махамбет», Н.Давыдова - «Сказка о прекрасной Айсулу», А.Бекбосынов-

«А кушать хочется всегда», И.Вовнянко-«Аттила», О.Сулейменов-«Медная орда», П.Чухрай-«Чужой» сценарилері; Көркемдік басылымдар: «Қазақтың Ұлттық киімдері» (1958), «Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры» (1984), Казахский государственный Академический орден Трудового Красного Знамени и Дружбы народов театр драммы им.М.О.Ауэзова «Народные артисты СССР» (1988), «Шәкен жұлдыздары»-кинофестивалінің бүктемелері, (2003, 2005, 2007,2010), «1723 жыл. Жоңғария», «Қазақия.1723 жыл» -машинкалық жазбалар (авторы белгісіз); А.Туленбаева-«Жар-птицы Великой степи» журналы: «Новый фильм», «Советский экран», «Дружба», «Культура» (1970-2007); «Сезон» (2010, 2012), «Time KZ» (2009, 2010), «Для мужчин», «Театр KZ», «Exclusive» (2001,2012); баспасөз қиындылары, кино және сурет үлдірлері (1991).

БАБАЛЫҚ Ж.

Алматы қ. МА, 468 қ, 1 т, 125с.б., 1924-2006 жж.



Бабалық Жазда (10.11.1917-02.04.2010) – тарихшы, саяси және қоғам қайраткері, қазақ халқының салт-дәстүрлерін сақ кезеңінен бастап ХХ ғасырдың аяғына дейін зерттеген этнограф-ғалым. Ұлттық өнер, ұлттық мәдениет пен спорттың тарихын жинақтаушы

Қызметіне байланысты құжаттары: қолжазбалар (араб әліпбиімен), (1967-1969, 1972, 1979, 1985, 1990-1992, 1995-1996, 1999); жазба дәптерлер (1991, 1994, 1999); спорттық ойындар мен жарыстар туралы жазылған дәптерлер (1975-1980, 1986, 1995-1997); ұлттық ою-өрнек үлгілері, (апликациялар); суреттер: ұлттық бас киімдер (1973), күмістен жасалған ұлттық әшекейлер, ағаш қасық және қымыз құюға арналған ожаулар, аңшылар мен аңшылық (жыртқыш) құстар, таңбалы тастардың суреттері, күмбездер.

Хат алмасулары: жеке және қызмет барысында жазылған хаттар (1965, 1973-1974, 1982-1983, 1997), Ж.Бабалықтың КОКП ОК Политбюро мүшесі, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа жазған хаты (шимай нұсқа 1984).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: қолжазбалық өмірбаяны (2009), ҚХР-нан Мао Цзе Дунның шақырулары; Қазақстан Республикасы Ұлттық ат спорты Федерациясының Президенті Қайрат Назарбаевтың құттықтауы.

Ж.Бабалық туралы құжаттар: Ж.Бабалық туралы баспасөз беттерінде, «Дүние толқын» (2009), «Түркістан» (2009) газеттерінде жарық көрген мақалалар және т.б., қытай ақыны, жазушысы Бәкен Нәкенұлының Ж.Бабалыққа арнаған өлеңі, Е.Нуразхановтың «Слайд ақтарған Жәкен...» (қарындашпен салынған суреті), профессор Е.Әлімхановтың Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрі Т.М.Досмухамбетовке Ж.Бабалық мұрасындағы 200 ұлттық спорт ойындары мен жарыстардың араб әліпбиімен жазылған мәтіндерін кирилицаға аудару және электронды нұсқасын сақтау үшін комиссия құру туралы жазған өтініш хаты (2007).

Фотоқұжаттары: жеке суреттері (1980); ҚХР-ның алғашқы құрылтайы делегаттарының (1950-1951); ҚХР халық комитетінің мүшесі, генерал-майор, ҚХР дағы 6 қазақ генералдарының бірі, Халық Қаһарманы-Дәлелхан Сүгірбаевтің суреті; азамат соғысы сарбаздары, ортада Әліби Жанкелдин (1919-1920).

Ж. Бабалықтың жинақтаған құжаттары: кітаптар–К.Мұқанов «Жүннен жасалатын бұйымдар» (1990), Мильтон Д.Кларк «Как казахи убежали к свободе» (машиналық жазба), Ә.Тәжімұратов «Шебердің қолы ортақ» (1977), Ә.Ақшораев «Тоғыз құмалақ» (1979) авторлық сыйжазба, Ж.Бәлшетегі «Әулие аталар әлемі»; А.Мурзамадиев, Н.Дауренбеков «Имбридинг в животноводстве» (1997) (машиналық жазба); журнал «Білім және еңбек №6» (1966); газеттерде жарияланған мақалалар көшірмесі (1977); Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, «Жалын» журналының бас редакторы-М.Шахановтың Қазақстан ОК Компартиясына «Наурыз» мейрамының қайта тойлануы туралы жазған хаты (23 марта 1988г.); К.Абишев «Национальные традиции, обычаи в системе физкультурно-оздоровительной работы среди учащейся молодежи» (Авторефераты, М.1994, бүктеме); Қытай халық республикасының картасы (паздар).

БАЙҚОШҚАРОВА С.Б.

Алматы қ. МА, 475 қ, 1 т, 36 с. б., 1977-2008 жж.



*Байқошқарова Салтанат Берденқызы-(01.02.1960ж.т.)
биология ғылымдарының кандидаты, эмбриолог-врач,*

Ғылыми және шығармашылық қызметіне байланысты құжаттары: Биология ғылымдарының кандидаттығы ғылыми дәрежесіне жазылған «Физиологические аспекты экстракорпорального оплодотворения и переноса эмбрионов в полость матки» тақырыбындағы диссертациялық автореферат (2003); «15- летию ЭКО в Казахстане» III халықаралық ғылыми-тәжірибелі мерейтойлық конференциясының «Новое о программе IVF» С.Байқошқарованың қолжазбалық бағдарламасы; Байқошқарова С.Б., Килибаева Г.А., Сагындыкова Б.С., Басибекова Т.С. «Невынашивание беременности в программе экстракорпорального оплодотворения. Тактика ведения ранних сроков беременности после ЭКО» врачтарға арналған Әдістемелік нұсқаулық (2006). С.Байқошқарованың ғылыми мақалалары: «К вопросу о сперматогенезе» (машиналық жазба), «Физиологические аспекты репродуктивной функции женщин, прошедших программу экстракорпорального оплодотворения», «Философия клиники «Экомед»»; «Сәби сүйгеніңіз келсе: сұрақтар мен жауаптар» выпуск медцентра Экомед. «История семьи К.Бекмусаева» (машиналық қолжазба). С.Байқошқарованың баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары (газет қиындылары).

Хат алмасулары: Қызметіне байланысты жазылған хаттар көшірмесі (2006, 2007, 2010).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттарының көшірмелері-еңбек кітапшасы (1977-1995), Киров атындағы ҚазМУ-і (биология мамандығы бойынша 1983) үздік дипломы, «КИНЭС-2001» Ақпаратты Қазақстан энциклопедиялық анықтамалығының сертификаты, куәлік, биология ғылымдары кандидатының дипломы (2004), біліктілігін жетілдіру туралы куәлік (2005), «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі»-Қазақстан Республикасы халықтың денсаулығын сақтау ісіндегі ерекше еңбек сіңіргені үшін төсбелгісінің куәлігі, «Ассоциация врачей и провизоров Казахстана» экстракорпоралды ұрықтандыру Ассоциациясы мамандарын тіркеу туралы куәлік, «Экомед» ЖШС фирмасына медициналық қызметпен айналысу үшін берілген мемлекеттік лицензия (2003); сертификаттар (1996-2010);

С.Байқошқарова туралы құжаттар: баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар (газет қиындылары 1997,1999-2010);С.Байқошқароваға арналған «Жұлдыздар құпиясы» газеті.

Фотоқұжаттары: жеке және отбасылық суреттері; топтық суреттері: ҚР Президенті Н.Назарбаевтың қабылдауында; қызмет барысындағы іс-шара суреттері әріптестер және шетелдік қонақтар; ЭКО бағдарламасы бойынша дүниеге келген сәбилер және ата-аналар арасында.

С.Байқошқарованың жинақтаған құжаттары: авторлық сыйжазба кітаптар: өлеңдер Қазыбек Исаұлы «Керімсал»-(2006); Нұржамал Байсақалова «Барған жерің, бағынды ашсын...»-(2000); Орынбасар Жұбаниязұлы «Сағындырған аулым»,-Баян Бекетова «Мен сені сағынғанда»-(2005); Сәбит қажы Салқынұлы «Тұңғыш Президент»-(2006); Сәуле Досжанова «Жатқа туған бала"(2010).

Отбасы мүшелерінің құжаттары: «Экомед» медицина орталығының директоры, С.Байқошқарованың жары-Бекмұсаев Батыр Қаратайұлының жеке құжаттарының көшірмелері.

БАЙМҰРАТОВА Б. Б.

Алматы қ. МА. 540 қ. 1 т. 192 с. б., 1941-2011жж.



Баймұратова Башен Баймұратқызы (1926ж.т.) Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қаз КСР оқу-ағарту ісінің үздік қызметкері, еңбек майданының ардагері, тұңғыш қазақ балабақшасын негізін салушылардың және ұлттық «Балбөбек» бағдарламасы мен «Отбасында баланы мектепке дейін дайындау» кешенді оқулықтары әдіскерлерінің бірі. Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдарын мектепке дейінгі дамытуға қосқан үлесі үшін Б.Алтынсарин атындағы медальмен марапатталған.

Шығармашылық қызметіне байланысты құжаттары: қолжазбалары, баяндамалары, зерттеу жұмыстарының жазбалары, конспекттері, шетел әдебиетінен аударылған көшірмелер, пікірлері және диссертацияларға жазылған сын-пікірлері, рефераттар, ұсыныстар (көшірме және шимай нұсқалар),

Б. Баймұратованың мерзімді баспасөзде жарық көрген ғылыми мақалалары(газет қиындылары 1991-1993);Б. Баймұратованың жарияланған кітаптары мен зерттеу жұмыстары:"Бақшадағы ересек балаларды мектепке шығарып салу ертеңгілігін әзірлеу жөнінде" (1961), "Сәбилердің тілін дамыту жолдары" (1962-1978), " Ученые записки" (1969), "Баланы мектепке дайындау жөнінде" (1971), "Балалар әдебиетінің хрестоматиясы" (1978), "Оқитын текстер"(1982), "Балалар бақшасындағы дайындық топтағы балалардың тілін дамыту" (1983),

Б. Баймұратова, М. Сәтімбекова "Балбөбек бағдарламасы" (2006),
Б.Баймұратова, Ғ.Таубаева «Қазақ балалар әдебиеті» (2008), Б.Баймұратова, З.Д. Еденбаева «Изучаем казахский язык күншуақ» (2011); «Сауат ашу кезінде оқитын текстер» машинкалық нұсқа (1981), «Монғолияға іс сапар» (1987), «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы 2 -ден мектеп жасына дейін» (авторлық түзетулермен машинкалық нұсқа) (1998 год), Б.Баймұратова, М.Сәтімбекова «Балбөбек бағдарламасы бойынша педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері» оқу құралы (1999), Б.Баймұратова «Вопросы методики обучения родному языку детей-казахов дошкольного возраста», «Овладение родной речью детьми-казахами младшего дошкольного возраста» (авторреферат, 1970), «Вопросы обучения шестилеток» (авторлық түзетулермен машинкалық нұсқа (1982-1984), «Вопросы экспериментальной работы в школах и дошкольных учреждениях Казахстана» (авторлық түзетулермен машинкалық нұсқа), «Некоторые результаты эксперимента и организация обучения детей шестилеток» (1986).

Хат алмасулары: Б. Баймұратованың "Қазақстан мектебі" журналының бас редакторына, Қаз ССР білім Министрлігіне әдістемелік әзірлемелер мен жұмыстарының басылымдары туралы, КСРО педагогика ғылыми Академиясы ҒЗИ–ның оқыту әдістері және мазмұны туралы жазылған (1983,1985,1987) және Б.Баймұратоваға республика бойынша балабақша меңгерушілерінен, Қазақстанның әр облыстарының азаматтарынан келген хаттар.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: Б.Баймұратованың мамандарды есепке алу бойынша жеке іс парағы, өмірбаяны, мінездемесі, дипломдарының көшірмелері (1955-1993); КСРО оқу-ағарту Министрлігінің (1969), Ы.Алтынсарин атындағы институттың (1991), XXII республикалық педагогикалық оқулары Ұйымдастыру комитеті төрағасының құрмет грамоталары; Моңғолия Халық Республикасы Аймақтық комитеті хатшысының алғыс хаты; құттықтау хаттар, ашық хаттар, шақырулар (1978-2005); Б.Баймұратованың ғылыми еңбектерінің тізімі (қазақ балабақшалары үшін жарияланған оқу-әдістемелік және дидактикалық құралдар тізімі); 80-жылдық мерейтойына орай құттықтау хаттар, Б.Баймұратова туралы мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалар;

Б.Баймұратова туралы құжаттар: Ш.Сапарбайқызы "Бәшен Баймұратқызы туралы бірер сөз" (кітап 2005), Б. Баймұратова туралы мақалалар (газет қиындылары 1968-2006, 2011), журналдардағы мақалалар: "Мектепке дейінгі тәрбие" (1977), "Бастауыш мектеп журналы" (1978-1982), "Отбасы және балабақша" (1995-1997), "Ғылымның алғы шебінде" (Қазақстан мектебі).

Фотоқұжаттары: Б.Баймұратованың жеке суреті (2006), әріптестерімен топтық фотосуреттер (1965, 1970, 1974); Қазақстан мұғалімдер съезінің

делегаттары (1978), республикалық конференцияда (1978), республикалық семинарда (1993), тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің суреттері (1961-1978).

Б.Баймұратованың жинақтаған құжаттары: кәсіби қызметіне байланысты қолжазбалар, ҒЗИ Кеңесінің мен Ы.Алтынсарин атындағы отырыс хаттамаларынан үзінді (көшірмелері 1968-1976); КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің «жалпы білім беретін бірқатар мектептердің бастауыш сынып оқушыларына бес күндік оқу аптасын және балаларды оқыту 6 жастан бастап тәжірибесін енгізу» туралы Қаулының көшірмесі (1981); Мәскеудегі КСРО педагогикалық ғылым Академиясына іссапар (1981), Брест қаласына іссапар барысындағы есеп берулері; Ы. Алтынсарин атындағы ПҒ ҒЗИ Мектепке дейінгі тәрбие беру және бастауышты оқыту әдістемелік бөлімі дайындаған 1962-1985 жылдары ұлттық балабақшалардағы оқу-әдістемелік құралдары туралы анықтама, Республикадағы эксперименттік дайындық және жалпы білім беретін мектептердің бірінші сыныптары, балабақшалардың дайындық топтарының жұмыстары туралы анықтамалар; кітаптары: Тәкен Әлімқұлов «Жемісті жолда» (1958), «Балалар бақшасында және семьяда баланың тілін дамытудың жолдары (1961), Педагогикалық ғылымдардың ғылыми-зерттеу институты «Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі концепциясы» (1990), Марал Скакбаев «Начало лета» (1982), Нағашыбай Шәйкенов «Естелік кітап» (Книга памяти 2001), Балтабай Адамбаев «Жауынгер» (2007), Р.Сыздыкова «Сөздер сөйлейді» (1980), Ж.Аяпова «Ақтөбе облысы Шалқар ауданында 1983-1984 оқу жылында басталған эксперименттік дайындық»; журналдар: «Семья және балабақша (Семья и детский сад)» (1991 № 4, 2000; «Балдырған» (1970-1979,1986,1990).

БАЙСЕЙІТОВ Р.

Алматы қ. МА, 598 қ, 1 т, 57 с. б., 1918-2013 жж.



*Байсейітов Рымбек Смақұлы (08.10.1922-1991)
ҚазақКСР-нің бұрынғы қаржы министрі (1974-1984),
қаржы саласының үздігі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген
экономисі, Ұлы Отан соғысы ардагері, I және II дәрежелі
Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі»
орденімен және бірнеше мерейтойлық медальдармен
марапатталған*

Еңбек және қызметіне байланысты құжаттары: лекциялары, естелік жазбалары, баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар топтамасы (өзінің жазғандары, ол туралы), кітаптары.

Өмірбаянына байланысты құжаттар: өмірбаяны, дипломдары, еңбек кітапшасы, мүшелік, қызметтік, депутаттық куәліктері, 1936 жылғы мектеп үлгерімі туралы куәлік.

Р.Байсейітов туралы құжаттар: қызметтестерінің және майдандас достарының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы көрген қиыншылықтарынан жазған

естеліктері (Әзілхан Нұршайықовтың және т.б. естеліктері) және де ол туралы шығарылған кітаптар.

Фотоқұжаттары: жеке, соғыс жылдарындағы, отбасылық суреттерінің CD диск көшірмелері және үш фотоальбом (альбомда Д.Қонаевтың комсомол құрамындағы суреті бар).

Р. Байсейітовтің жинақтаған құжаттары: сыйжазба кітаптар.

БАРМАНБЕКОВА К. К.

Алматы қ. МА, 463 қ, 1 т, 110 с.б., 1959-2009 жж.



Барманбекова (Кемпірова) Күлмария Күлиясқызы (12.04.1950 ж.т.) тележурналист, спорт комментаторы, КСРО спорт шеберлігінің мергендік (оқ ату) кандидаты, "САПА" теле бағдарламасының авторлық жүргізушісі, "Businesswomen kz" журналының бас редакторы, "Businesswomen kz", "Сұлтан", "Аружан" журналдарындағы жарияланымдардың авторы

Қызметіне байланысты құжаттары: «Еңбек туы», «Қордай шамшырағы» (1968-1970), «Егемен Қазақстан» (2009, 2013), «Түркістан» (2010), «Алматы ақшамы» (2013); газеттері мен «Сұлтан», «Businesswomen kz» (2006-2009), «Аружан» (2010-2014) журналдарында жарияланған мақалалары мен жарияланымдары, қолжазбалары (1970-2009), «Арман асуында» (1965-1968) повесінің қолжазбасы, телевизиялық репортаждар, жоспарлары мен сценарилары (1992-1994, 2000-2001, 2009), «САПА» авторлық телебағдарламаларының жоспарлары №1 - №128, 227 (2002-2005), «Жұлдыз-ғұмыр» сценарі (2010), Г.Барманбекова «Өмірдің дәмі» (кітап 2013), өлеңдер топтамасы (2013-2014).

Хат алмасулары: көрермендердің телевидения редакциясына (1992-1993) және «САПА»(2000-2008) телебағдарламасына жолдаған хаттары, құттықтаулар.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: Кемпірова Күлмария (Гүлмария) Күлиясқызына берілген жеке құжаттар: кәсіподақ билеті (1965), комсомол билеті (1975), БЛКЖО мүшесінің есеп карточкасы (1976), күнделігі, спорт ойындарының дипломдары мен грамоталары (1959-1981, 1996), "Қазақстан телеарнасы мен радиосы" Алматы республикалық орталығы корпорациясы бас редакторының куәлігі (1998), өмірбаяны (2008), түйіндеме (2007).

К.Барманбекова туралы құжаттар: «Қордай жаңалықтары», «Беу,қыздар – ай» (2002,2004), «Айқын апта» (2007), газеттері мен «Аружан» (2010) журналдарының мерзімді басылымдарында жарық көрген мақалалар

Фотоқұжаттары: топтық суреттер- Панфилов атындағы 8 жылдық мектеп бітірушілер (1964-1965), педагогикалық училище студенттері, телехабарлар барысында түсірілген суреттер, Талғат Мұсабаев және әріптестері, жеке суреттері.

К.Барманбекованың жинақтаған құжаттары: «Аружан», «Ханым», «Сұлтан» (2006-2009) журналдары; Т.Шарманов «Қазақстан в контексте глобальных проблем питания» кітабы және Т. Шармановтың қолтаңбасы қойылған жеке суреті (2001).

БЕЙСЕНОВ О. М.

Алматы қ. МА, 461 қ, 1 т, 38 с.б., 1954-2009 жж.



Бейсенов Ораз Мақаұлы-(02.07.1934-28.02.2015)

«Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген құрылысшысы», экономика ғылымдарының кандидаты, Ресей мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерінің «Еңбек Ері», «Алматықұрылыс» медальдарының иегері.

Кәсіби және ғылыми қызметіне байланысты құжаттары: экономика ғылымдарының кандидаты

ғылыми дәрежесіне жазылған диссертациясы. «Резервы повышения эффективности капитальных вложений за счет интенсификации строительного производства в Казахской ССР»; Р.М.Меркин, О.М.Бейсенов «Резервы интенсификации строительства в Казахской ССР» кітап (1982); естеліктер, ойтолғау (тәуелсіздік кезеңі-Тұранбанк, 1991-1994); «Тұранбанк» жылдық есебі (1991-1992.), банк акционерлерінің тізімі-Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттары (көшірмелер).

Хат алмасулары: О.Бейсеновтің Қазақстан Республикасының Премьер министрі С.Терещенкоға жазған «О крайне неудовлетворительном состоянии расчетов в народном хозяйстве и использовании кредитных ресурсов» хаты (1993); О. Бейсеновтің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Ғ.Байназаровқа жазған «О долгосрочных кредитах на инвестицию» хаты. Ә.Нұрпейісовтің О.Бейсеновты қорғаудағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевқа жазған хаты (қараша, 1993).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттары-өмірбаяны; Калинин аудандық еңбекші депутаттары Кеңесі депутатының (1967, 1969), Алматы қалалық еңбекші депутаттар Кеңесінің (1971) және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің (1985) куәліктері мен билеттері; мүшелік билеттер; экономика ғылымдарының кандидаты дипломы (1976); «Алматы» қонақүйінің жобасын жасағаны және салғаны үшін КСР Министрлер Кеңесінің № 1262 сыйлығы (1972); Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының құрмет грамоталары (1973, 1978, 1984); «Еңбек Қызыл Ту ордені» ордендер кітабы, медальдар үшін сертификаттар, «Алматықұрылыс» компаниясының мерейтойлық медалінің дипломы (1996.), марапаттаулар мен мерейтойлық құттықтаулары.

О.Бейсенов туралы құжаттар: О.М.Бейсенов туралы түсірілген фильм (диск); баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар (газет қиындылары 1993, 2004), «Мысль» (2004), «Достық - дружба» (2004) журналдарындағы мақалалар.

Фотоқұжаттары: Орталық стадион құрылысының мастері О.Бейсенов (1957); М.Әуезов атындағы қазақ драма театрының құрылысын басталуынан салтанатты сәт-шампан ату (1969); Бөгет салу үшін сол жағалаудағы бейбіт жарылыс (1973); резервуардың түбін және құрылысты балшықтан тазарту бойынша құрылыс жұмыстары (1973); топтық сурет-Татарстан делегациясымен, Медеудегі селдің іздері (күз 1973); топтық сурет-О.Бейсенов Д.А.Қонаевқа және

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюро мүшелеріне Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік мұражай ғимаратының аяқталған құрылысын көрсетуі (1975); топтық фотосурет-Қазақстан құрылыс министрінің Басалматықұрылыс басшыларымен кездесуі (1975); топтық сурет-ҚазГУ кешенінің бас жоспарында Д.А.Қонаев, О.М.Бейсенов және басқалар; (1976); О.Бейсеновтің жеке фотосуреттері (1986, 2004); топтық фотосуреттер-О.Бейсенов Құрылыс жұмысшылары және өнеркәсіптік құрылыс материалдары кәсіподағы ІХ съезінің делегаттары, Мәскеу (1982); О.Бейсенов КСРО Ғылым және технология Министрлер Кеңесі Мемлекеттік Комитетінің Халық шаруашылығын басқару институтының студенттерімен;-ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ҚазақКСР құрылыс материалдары өнеркәсібінің министрі О.Бейсеновтің Петропавлдағы сайлаушылармен кездесуі, есеп беру; О.Бейсеновтің Чили банк президентімен кездесуі, Чили, Сантьяго (1992). Медеуде болған апатты сел. Төтенше жағдайды жою жұмыстары. Фотоальбом - оқиға сипатталған 24 фотосурет. (1973).

О.Бейсеновтің жинақтаған құжаттары: Ш.Чокин «Четыре времени жизни» сыйжазба кітап.

БЕЙСЕУОВ А.К.

Алматы қ. МА, 654 қ., 1т., 387 с.б., 1954-2019 жж.



Бейсеуов Әсет Көппайұлы (13.10.1938-20.03.1996)–композитор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1986), Қазақстан Республикасының Халық артисі, кино-телефильмдерге музыка жазған автор, «Гүлдер» ән жинағы және «Қызыл сұңқарлар» (Красные соколы) әні үшін Ленин Комсомолы сыйлығының лауреаты. Бүкілодақтық Кеңес әндерінің дипломанты, «Алмалы Алматы», «Гүлдер», «Шақырады көктем» (1991), «Мұңайма», «Алтыным», «Маралдым», «Сандуғаш» және т.б. көптеген

әндері Қазақстанның алтын қорына енген.

Шығармашылығына байланысты құжаттары: кітаптары-«Әсет Бейсеуовтің 500 әні» (марштар, вальстер, махаббат лирикасы , балаларға арналған, әзіл әндер (1998), Ә.Бейсеуов «Шақырады көктем»-нотасымен берілген ән жинақ (1977), «Әсеттің әсем әндері» құрастырушылар: Нұрғали Нүсіпжанов, Владимир Питерцев, Амангелді Бейсеуов (екі том); нота жазылған парақтар, қолжазбалар (ноталар) ән мәтіндері.

Өмірбаянына байланысты құжаттары–жеке құжаттары: кәмелеттік аттестаты (1957), шығармашылық өмірбаяны (1972); мамандарды тіркеу бойынша жеке іс парағы (1979); Бүкілодақтық музыка қоғамының мүшелік билеті (1988), Қазақстан Композиторлар одағының мүшелік билеті (1993), әскери билеті (1974); Қазақ КСР-не еңбек сіңірген өнер қайраткерінің куәлігі (1986), «Қазақстан Республикасының Халық артисі» құрметті атағының куәлігі (1991); Алматы облыстық көркемөнерпаздар қойылымының І дәрежелі дипломы (1960),КСРО-ның құрылғанына 50 жыл толуына арналған Бүкілодақтық ең үздік әндер конкурсының құрметті дипломы (1971-1972); «Гүлдер» , «Қызыл сұңқарлар» ән жинақтары үшін Қазақстан ЛКЖО дипломы (1972.); Мәдениет министрлігінің, Орталық комсомол

комитетінің және Қазақ КСР Композиторлар одағының құрмет грамотасы, Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің лауреаты (1987), құрмет грамоталары (1977), құттықтаулар мен алғыс хаттар.

Хат алмасулары: отбасымен, ән авторларымен, әріптестерімен, достарымен жазысқан хаттары.

Ә.Бейсеуов туралы құжаттар: Н.Нүсіпжанов, Ш.Сариев және т.б шығармашылық тұлғалардың, туыстарының, достарының, әріптестерінің, (газет-журнал қиындылары) естеліктері. Қазақ КСР ағартушысы, жоғары санатты мұғалім Виктор Иванович Никитиннің «Халық композиторының өмірі мен шығармашылығы-Бейсеуов Әсет Көпбайұлының» атты мақаласы (машинкалық жазба, 2008), баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар. Алматы қаласы Тәуелсіздік сарайында өткен Ә.Бейсеуовтің 75-жылдығына арналған еске алу кешінің жарнамалық афишалары.

Фотоқұжаттары:Ә. Бейсеуовтің портреті, (авторы Е.Елетаев 2013), жеке, отбасылық, әріптестері арасында, әртістермен, ақындармен, белгілі тұлғалармен түскен суреттері (қор құжаттарынан тыс сақталған).

Ә.Бейсеуовтің жинақтаған құжаттары: сыйжазбалар: Мұзафар Әлімбаев «Аспандағы әпке» (1982); Сабырхан Асанов «Сағындырған көктем» (1983);Тілепалды Жамбылов «Күткен күн» (1986); В.Н.Мамизеров «Балалар хорына арналған әндер» (1985) және т.б..

Қор құрушының туыстарының құжаттары: Әсет Бейсеуовтің анасы- Бегалиева Рахиманың құжаттары (Орал қалалық Кеңесінің депутаты болып сайланғаны туралы (1971, 1973); кәсіподақ билеті; Жоғары коммунистік ауылшаруашылық мектебін бітіргені туралы куәлік (1934); «Павлодарпромстрой» тресі басшылығы мен партия комитетінің құттықтауы.

БОГУСЛОВСКИЙ Р. Л.

Алматы қ. МА, 376 қ, 1 т, 13 с.б. 1958-2093 жж.



Богусловский Рувим Львович(18.05.1927-1996)-Тау-кен инженері, өнертапқыш. «Еңбектегі ерен ерлігі үшін» (1970), «Еңбек ардагері»(1977), КСРО ХШЖК –нің күміс (1961) және қола (1976, 1982) медальдарымен марапатталған. «Түсті металлургияның үздік рационализаторы» атағы берілген.

Қызметіне байланысты құжаттары: Тиімді (оңтайлы) жаңалықтары үшін берілген куәліктері (1958, 1961-1967, 1969, 1971-1983), ғылыми еңбектері мен өнертапқыштығы берілген анықтамалар тізімі, тізбесі (1960-1980), өнертапқыштыға байланысты еңбектерінің суреттерінен дайындалған альбом (1958-1977).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: өмірбаяны, ЖОО бітіргендігі туралы диплом, еңбек кітапшасы, біліктілікті арттыру туралы куәлігі, ҚазКСР ҒА аспиранты кандидаттыққа тапсыру емтиханының хаттамасы, «Знание» қоғамының

мүшелік билеті, мақтау қағаздары, мемлекеттік марапаттауларының куәліктері (1961-1982).

Р.Богусловскийдің жинақтаған құжаттары: Лениногорск кенішін ұтымды игеру және өнертабыстарды жүзеге асыру жөніндегі топтың жұмысы туралы есептер (1965-1972)

Фотоқұжаттары: 2 жеке сурет және әріптестерімен топтық сурет.

БӨКЕЙХАНОВ С. Р.

Алматы қ. МА, 434 қ, 1 т, 50 с.б., 1938-2007жж.



Бөкейханов Сырым Райымжанұлы-(01.07.1938 -2013)-КСРО ҒА технологиялық лазерлік ҒЗИ профессоры, Алматы қаласы бойынша алғашқы құрылыс отрядын ұйымдастырушылардың бірі, ҚР лазерлі технологиялық ғылым академиясы Алматы инженерлік орталығының бас директоры, бірнеше кітаптың туындыгері(авторы) «За освоение целинных земель» медалімен марапатталған

Қызметіне және шығармашылығына байланысты құжаттар: машинкалық жазбалар(кітаптарының алғашқы

нұсқалары), баспасөз беттерінде жарияланған және жинаған материалдары, С.Бөкейхановтың кітаптары: «Өткен күнде белгі бар» (2004), «Мой город другим не заменить.Хроника рождения и становления Алматы»: «Город мой Алматы»-жалпы атауымен триология (2009), «Имена наших улиц от А до Я» (2010), «Дорогие мои алматинцы» (2012); «Алихан» (2011), «Аккела» қолжазба (2007).

Хат алмасулары: ата-анасына жазған хаттары (1956-1957).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: Жеке құжаттары: оқушының жеке іс қағазы (1945-1953), мақтау грамоталары (1949-1952), кәмелеттік аттестат (1955), мінездеме, доцент, ғылым кандидаты дипломдары, комсомол, партия, әскери билеттері, халықаралық төлқұжаты, грамоталары (1959-1960), марапат куәліктері:БЛКЖО ОК белгілері: «За активную работу в комсомоле» (1964), «За освоение новых земель» (1960), «70 лет ВЛКСМ», «50 лет ЛКСМ Казахстана», «Почетный член Казахстанского студенческого строительного отряда» (1974), мүшелік билеттері, егін жинау аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеруге Ленинград қ. Инженерлік-құрылыс институты БЛКЖО комитетінің комсомолдық жолдамасы (1957), БЛКЖО XV съезі делегатының мандаты (1960), марапаттау қағаздары, төсбелгілер, мерейтой марапаттаулары, Алматы құрылыс отрядтарының құжаттары (бұйрық, хаттама, шешім) (1963).

С.Бөкейханов туралы құжаттар: баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар.

Фотоқұжаттары: жеке суреттері, С. Бөкейхановтың кітап шығару үшін пайдаланған суреттерінің көшірмелері.

С.Бөкейхановтың жинақтаған құжаттары:кітап шығару барысында пайдаланған жерлестері туралы қолжазбалары (шимай жазбалар) Соколов Иван Емельяновичтің құжаттары -1898 ж. т., қызыл әскер, партиялық қызметкер, Абай

атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының КСРО тарихы кафедрасының аға оқытушы, Алматы қалалық кеңесінің депутаты(1919-1974): өмірбаяны, аттестаты (1936), еңбек кітапшасы, анықтамалар (1929-1958), диплом, әскери билет, куәлік, мандаттар, депутаттық билет. Кейбір құжаттардың ресімделуі латын әліпбиінде.

Туыстарының құжаттары: әкесі - Бөкейханов Райымжан Азиханұлы: туу туралы куәлігі, жеке куәлігі (1929), «За освоение целинных земель» медалінің куәлігі, өмірбаяны, мінездеме, куәліктер көшірмесі, неке куәлігінің көшірмесі Ембергенова Хайрия (Сырым Бөкейхановтың анасы), еңбек кітапшасының көшірмесі, кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парағы, құрмет грамоталары (1932, 1944), Райымжан Азиханұлының туыстарымен хат алмасуы, қызметтік хаттары. **Бөкейханов Ыбрайдың құжаттары:**

РСФСР ОСОАВИАХИМ-ның (1927) және КСРО білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымының мүшелік билеттері.

Құжаттардың бір бөлігі өзбек, қазақ тілдерінде жазылған араб графикасында және латын алфавитімен.

БӨПЕЖАНОВА Ә. Қ.

Алматы қ. МА, 451 қ, 1 т, 95 с. б., 1964-2008 жж.



Бөпежанова Әлия Қаһарманқызы-(04.12.1952 ж.т.)

әдебиет және театр сыншысы, аудармашы, «Уақыт және қаламгер» атты әдеби-сыны жылдық басылым авторы, Сорос-Қазақстан Қоры бірінші сыйлығының лауреаты «Роль журналиста в демократическом обществе» (1997) мәдениеттанушы,-журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Журналистика Академиясының академигі.

Қызметіне байланысты құжаттары: сыни мақалалар, рецензиялар, сұхбаттар (1976-2005), баспасөз беттерінде жарияланған қолжазбалар, машинкалық жазбалар; жобаларға дайындалған сарапшы пікірі: «Музыканты ХХІ века» жасөспірім пионистердің екінші конкурсы, «Атамұра», «Эстраду Казахстана на мировой уровень», «Культурные контексты Казахстана: история и современность»; юбилейное посвящение З.Сериккалиеву «Серебристому сенатору», Ә.Бөпежанованың кітаптары: «Өрнектер» (1991), «Дүние имани құбылыс. (эсселер сын мақалар, ой-толғамдар, сұхбаттар)» (2001), «Өнер және тәжірибе» (сыни мәдениеттанушылық кітап) (2007).

Хат алмасулары: жеке (әкесінің майдандас достарының хаттары 1996) қызмет барысындағы достарынан, таныстардан, оқырмандардан келген хаттар мен құттықтау открыткалары.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: Алматы қаласы Қазақстан Журналистер одағы мекемесінің журналистік шеберлік институтының дипломы (1977), әскери билеті, кәсіподақ билеті, куәлігі, делегат мандаттары (1975-1997),

грамоталар, алғыс хаттары (1995, 2001), Киров атындағы ҚазМУ-нің аспирантурасына "өндірістен қол үзбей қабылдау" туралы бұйрықтан үзінді. Ұсыным- мінездеме (1988); КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылдау үшін дайындалған ұсыныстар (1987), II Бүкілодақтық жас сыншылардың кеңесіне қатысушының сауалнамасы, шақырулар, бағдарламалар, және т. б.

Ә.Бөпежанова туралы құжаттар: журналдар мен баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар (газет қиындылары).

Фотоқұжаттары: жеке суреттері (1966-1991), топтық суреттер: мектеп кезеңі (1964-1966), Артек суреттері (1965,1966), отбасылық (1966-1992), достарымен (1968-1974), әріптестерімен, экскурсияда (1974-1985), достарының суреттері (1968-1974).

Ә.Бөпежанованың жинақтаған құжаттары: кітаптары – Сауле Усенбекова «Сорок сакских цариц» өлеңдер, поэмалар (сыйжазба, 2006); Фатима Бегенбаева «Әй Керім» эссе, телехабар, сұхбат (2008); Үміт Тәжікенова «Ақиқатқа жүгіну» (2006); Ирина Ракша «Қайран дүние» (1985); «Писатели Казахстана» мекенжай және телефон анықтамалығы (1991,2002); «Манас» эпосының 1000 жылдығына бүктеме; журналдар- «Жалын» (1990,1997), «Арай» (1988), «Парасат» (1996,1998); «Отан» (1999), «Евразия» (2001); «Театрально-концертная Алма-Ата» театр қайраткерлері одағының ақпаратты-жарнамасы (1988).

Жары Асқар Сүлейменовтің (29 желтоқсан 1938-15 мамыр 1992), **құжаттары** – жазушы, драматург, әдебиет сыншысы, әдеби шығармалардың аудармашы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Әуезов атындағы Қазақ Академиялық драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі. А.Сүлейменовтің «Болмыспен бетпе-бет» кітабы (мақалалар, сұхбаттар, әдебиет және өнер мәселелері бойынша эссе); Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының дипломы (1996); Қазақ киноөнеріне қосқан үлесі үшін Асқар Сүлейменовке берілген алғыс хаттар (1982,1990-1996); қолжазба құқығындығы машинкалық жазбалар;

ВААП қазақ бөліміне А.Сүлейменовтің хаты; драмалық шығармасына шартты тапсырыс; Астана қаласы Л.Н.Гумилев атындағы Евразия мемлекеттік университетінің профессоры Р. Н.Нұрғалиға хат; Баспасөз беттерінде жарық көрген Асқар Сүлейменовтің және ол туралы мақалалар (1970-2008); А.Сүлейменовтің суреттері.

БІРТАНОВ А. Б.

Алматы қ. МА, 489 қ, 1 т, 27 с. б., 1964-2010 жж. Біртанов Амантай (07.03.1945-07.12.2011)



–№2 қалалық емхананың бас дәрігері, Алматы қалалық мәслихатының 1,2,3 шақырылым депутаты; ҚР "Нұр-Отан" ХДП саяси кеңесінің мүшесі, "Еңбек ардагері" медалімен (1988), "КСРО Денсаулық сақтау үздігі" белгісімен, "Азамат"(2005), "Парасат" ордендерімен (2005) марапатталған.

Кәсіби және шығармашылығына байланысты құжаттары: А.Біртановтің баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары (газет қиындылары 1998, 2009, 2010), мақалалардың

машинкалық жазбалары; кітаптары: Амантай Биртанов, Елжан Биртанов «История медицины города Алматы (1998), «Өмір туралы ойлар» (Ғұмырнамалық хикая), «Бас дәрігердің бір күні» (2010), «Ұрпағыма хат» (2010), «Өмір өрінде» (2010), «Шығармалар» үш томдық (2010).

Хат алмасулары: жеке және шығармашылығына байланысты хаттар (1997-2010).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке-өмірбаяны (1999), диплом көшірмесі (1970) партиялық билеті (1973), интерн куәлігі (1971), сертификаттар, марапаттаулар куәлігі (көшірме), депутат куәлігі, депутат мандаты (1999-2003).

А.Біртанов туралы құжаттар: А.Б.Біртанов туралы баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар. (газет қиындылары 1997,1998, 2003), қалалық мәслихаттың сайлауы бойынша ақпараттық материалдар.

ВАЙНШТОК Ю.М.

Алматы қ. МА, 368 қ, 1 т, 390 с.б., 1935-2003 жж.



Вайншток Юда Менделевич (21.12.1924- 25.10 1991) - кино өнерінің суретшісі, «Қазақфильм», киностудиясының қоюшы-суретшісі, КСРО Кинематографистер одағының мүшесі, Қазақ КСР-на еңбек сіңірген өнер қайраткері

Шығармашылығына байланысты құжаттары: «Если бы каждый из нас» (қағаз, акварель,1961), «Сказ о матери» (қағаз, тушь, қылқалам 1963), «Чинара на скале» (қағаз, көмір 1965), «Горизонты» (1975), «Тишина» (1981) фильмдерінің эскиздері; «Чинара на скале»

кинокартинасының жұмысы туралы күнделігі (1965), суреттер, сызбалар, жұмыс барсындағы күнделік жазбалар (1960, 1982).

Хат алмасулар: Польшаға «Трибуна люду» газетінің редакторына Ю.Вайнштоктің жолдаған хаты (қолжазба).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттары –комсомол билеті (1942), Қазан көркемсурет училищесін бітіргені туралы аттестат (1945), еңбек кітапшасы (1951-1989), ВГИК-ті бітіргені туралы дипломы (көшірме1953), өндірістік мінездеме (1955), Кинематографистер одағының мүшелік билеті (көшірме1957), мамандарды есепке алу бойынша жеке іс парағы, (1990), құрмет грамоталары (1959-1989), дипломдары, алғыс хаттар және т.б. (1963-1989).

Фотоқұжаттары: жеке суреттері (1953); достық шарж (автор белгісіз, көшірме) ; топтық суреттер: Варшава қаласы, бала шағындағы достарымен бірге (көшірме1935-1936), әйелі Мария Наумовнамен (көшірме 1952), қызы Галинамен (1956, 1957), отбасылық суреттер: әйелі-Мария Наумовна, қызы-Галина, ұлы-Александр (көшірме, 1966); Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаевтың «За заслуги перед Республикой» белгісін тапсыру сәті (көшірме) (1990).

Ю.Вайншток туралы құжаттар: журналдар мен мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар–А.Ашрапов, С.Романов «Слово о друге», Ю.Вайншток туралы эпиграма, Г.Гиричева «Кино – это праздник труда» - журнал

«Жаңа фильм» (1971, 1975, 1985); Л.Варшавская «Профессия – художник кино» - «Давар» газеті. (2003); «Вайншток Юда Менделевич» - Справочник «Кино Казахстана» (2003). Суретшінің 75 жылдық мерейтойына орай көрмелері туралы мақалалар (дүние салғаннан кейін) – Г.Ю.Коробкина (қызы) «Биография Ю.М.Вайнштока» (1999); Н.Полонская (өнертанушы) «Биография Ю.Вайнштока»(2003).

ВАРШАВСКАЯ-ЕНИСЕЕВА Л.Л.

Алматы қ. МА, 546 қ, 1 т, 229 с. б., 1946-2015 жж.



Варшавская-Енисеева Людмила Львовна (31.08.1940-05. 06. 2015)–КСРО Журналистер одағының мүшесі, 30 деректі және ғылыми-танымдық кино және телефильм сценарийлерінің авторы, "Сорос Қазақстан" Қоры сыйлығының лауреаты

Шығармашылығына байланысты құжаттары:

Л.Енисеева-Варшавская «Память сердца» Л.Варшавскийге арнау-кітап (2000); Л.Варшавскаяның мақалалары, очерктері, телехабарлар мен радио сценарийлері, дөңгелек үстелдер сценарийлері, бағдарлама жоспарлары, интервью, репортаждар, БАҚ-да жариялау үшін жеке авторлардың қолжазбалары мен материалдарына Л.Варшавскаяның редакторлық жұмыстары; ықшам-ақпарлар (2000), іссапарлардан есеп берулер, шығармашылық қызметкерлер, фильм түсірушілер (1981) туралы анықтамалар; Л.Варшавскаяның мерзімді баспасөздердегі мақалалары мен жарияланымдары (газет және журнал қиындылары) (1965-2004).

Хат алмасулары: Л.Варшавскаяға жеке тұлғалардан келген хаттар.

Өмірбаяны байланысты құжаттары: сауалнама, еңбек кітапшасы (көшірме), қызметтік куәліктер, мүшелік билеттер (1948-2007), баспа келісім-шарты, "Қазақкино" Мемлекеттік кинокомпания Төрағасының грамотасы (1996), куәлік, анықтама, жеке тұлғалардың шақыру билеттері (2004-2009); Енисеева Людмила Филипповнаға Смолянинова Любовь Александровнаның (Л.Варшавскаяның анасы) Варшавский Лев Игнатъевичтің әдеби мұраларына билік ету үшін берген сенімхаты (көшірме 1977); Варшавская Людмила Львовнаның туу туралы куәлігінің көшірмесі (14 қаңтар 1998); Варшавский Лев Игнатъевич–Енисеева Людмила Филипповнаның әкесі екендігін анықтау туралы куәліктің көшірмесі (1998); Варшавский Лев Игнатъевичтің Енисеева Людмила Филипповнаның әкесі екендігін анықтағандығы туралы Алматы қаласы Бостандық ауданы соты шешімінің көшірмесі (1997 жыл); Л.Варшавскаяның жеке және зейнеткерлік куәлігі.

Фотоқұжаттары: Ғалымдар үйіндегі кездесу А.Аугманов және Л.Варшавская, (1989), Г. Исмаилова және Л.Варшавская (2004), шығармашылық кездесу А. Мусаходжаева, Л.Варшавская (2005), Б.Аюханов және Л.Варшавская (2007), Р. Бағланова мен Л.Варшавская; Л.Варшавскаяның жазушылармен,

актерлармен, мәдениет және өнер қайраткерлерімен шығармашылық және іскерлік кездесулердегі топтық фотосуреттері: Сырым Бөкейханов (Зимний сад, 2007); М.М.Әуезов пен Л.Варшавская; Л.Варшавская мен Ю.Шнейдерман (2005); Б.Нөгербек және Л.Варшавская (2006); Айман Мусаходжаевамен (2005), М.Ю.Лермонтов атындағы театрда топтық фотосурет (2006).

Л.Варшавскаяның жинақтаған құжаттары: Лев Щеглов (Л.Варшавскаяның жұбайы) «Осень в Алма-Ате» поэмалар мен өлеңдер (1976); К.И.Сатпаев. Собрание трудов. Том 5, 7 (1999), К.И.Сатпаев «Сын земли казахской» (2002) сыйжазба; Т.А.Сатпаева «Каныш Имантаевич Сатпаев» сыйжазба (2003); П.Леутин «Переполох» сыйжазба; Өткен ғасырдағы қазақ-француз байланыстарына талдау (Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Мұхтар Ауезов, Ыбрай Алтынсарин), (Элизе Реклю, Ш.-Э.де Уйфальви, Ж.Б.Пакье); М.Х.Маданова «Казахстан и Франция», кітап; «Шәкен жұлдыздары» фестивалінің материалдары (іс-шара бағдарламасы, қазылар шешімі, қонақтар тізімі, ықшам-ақпар, шеберлер класының бағдарламасы, жұмыс туралы есеп беру-қорытынды анықтама, Ш.Аймановты еске алу кешін өткізу жоспары); әр түрлі ақындардың Л.Енисеева-Варшавская арнаған өлеңдері; көркемдік кеңестің жұмыс нұсқасы мен жоспары және корей театрының тарихы туралы мақалалар; мәдениет және өнер қайраткерлері туралы жаңа фильмдерге, спектакльдерге, шығармашылық кездесулер және басқа да тақырыптарға байланысты мақалалар, газет қиындыларындағы (1969-2004).

Л.Варшавскаяның әкесінің құжаттары -Лев Игнатъевич Варшавский әйгілі кино және театр сыншысы, публицист: жеке құжаттар – мамандарды есепке алу бойынша жеке іс парағы, (1958); өмірбаяны (көшірме); мақалалардың шимай нұсқасы, «Памятные страницы» кітабына арналған жазбалар.

ҒАЛИЕВА ГҮЛЖИҒАН ҒАЛИҚЫЗЫ

Алматы қ. МА, 367 қ, 1 т, 26 с.б., 1932-1980жж.



Галиева Гүлжиған Галиқызы (11.11. 1917-04.08 1982)-Қазақ КСР –нің халық артисі (1968), көркем сөз оқу шебері, педагог, Қазақконцертке қарасты Республикалық эстрадалық-цирк студиясының директоры және көркемдік жетекшісі (1965), Республикалық эстрадалық "Гүлдер"ансамблінің директоры және көркемдік жетекшісі (1969-1971), қазақ тарихында тұңғыш мемлекеттік Қазақ цирк ұжымын ұйымдастырушылардың бірі, Қазақконцерттің бас режиссері (1980), Алматы қалалық кеңестің депутаты (1971).

Өмірбаяны байланысты құжаттары: жеке құжаттары-өмірбаяны (1978), Алматы қаласы қалалық кеңесінің депутаттығына Фрунзе аудандық еңбекшілер депутаттарының атынан кандидаттық өмірбаяны (1971), қызметтік куәліктері (1961, 1966, 1975, 1980); марапаттау куәліктері (1969, 1957,1958), кәсіподақ билеті (1965); кәсіподақ билеті, жеделхаттар, сәлемхаттар, құттықтаулар хаттар, құрмет грамоталары (1949-1955, 1958, 1962, 1965, 1968, 1970).

Г.Ғалиева туралы құжаттар: баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар, (газет қиындылары 1961,1968-1969,1997,1998).

Фотоқұжаттары: Әр жылдарда түскен жеке суреттері, жастық шақ суреттері, 1958 жылы Мәскеу де өткен қазақ өнері мен әдебиет декадасында Қазақ ССР халық артисі, профессор Бекен Жылысбаевпен, эстрада және цирк студиясының студенттерімен түскен суреттері, КСРО халық артисі, «Халық қаһарманы» Роза Бағланова, Қазақ ССР халық артисі, әнші Жүсіпбек Елебеков, Қазақ циркінің артистері, сиқыршылар Сұлтанғали Шүкіров пен Сара Қабиғожинаның, белгілі өнер қайраткерлері, студия оқытушылары-Ғарифолла Құрманғалиев, З.П.Дремлюженко, Бекен Жылысбаев, Г.Қияқова, ақын Әбділда Тәжібаевтың, шәкірті Қапаш Құлышеваның, «Гүлдер» ансамблі мүшелерінің, «Қазақ циркі» артистерінің, «Амангелді» фильмнің отбасылық және туыстарының суреттері.

ҚХР «Пекин» қонақ үйінің концерт залында гастрольдік сапардан естелік альбомы-суретте ҚХР басшысы Мао-Цзе-Дун, КСРО халық артистері: Бибигүл Төлегенова мен Ермек Серкебаев тағы да басқа қазақ өнер қайраткерлерінің сонымен қатар қонақ үй қызметкерлерінің суреттері енгізілген.

ГВОЗДЕВ Е.В.

Алматы қ. МА, 465 қ, 1т, 106 с.б., 1934-2009 жж.



Гвоздев Евгений Васильевич (12.12.1918-26.01.2012) зоолог, паразитолог, ғалым, биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ғылымдарының еңбек сіңірген қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҰОС ардагері, Ленин орденінің иегері (1971), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің медальдарымен және грамоталарымен марапатталған.

Қызметіне (ғылыми) байланысты құжаттары:

Е.В.Гвоздевтің биология ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін "Динамика паразитофауны зайца-песчаника" тақырыбындағы диссертация (1947), биологиялық ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Фауна, систематика и экология гельминтов диких животных (рыб, птиц, грызунов и зайцеобразных) Казахстана и природная очаговость гельминтозов домашних птиц» баяндамасы (1967); М.Зверев «К экологии тяньшанской полевки в ельниках Алматинского госзаповедника» (1947); Е.В.Гвоздев «Паразиты рыб озера» (қолжазба 1947); Е.Гвоздев «Биология трематоды возбудителя Хасстилезиоза овец на горных пастбищах Тянь-Шаня» (орыс және ағылшын тілдерінде, 1982); кітаптары: Е.В.Гвоздева: «Паразитические черви куриных птиц Казахстана» (1958); Р.С.Шульц, Е.В.Гвоздев «Основы общей гельминтологии» (морфология, систематика, филогения гельминтов 1970), (биология гельминтов 1972), (патология и иммунология при гельминтозах 1976); Е.Гвоздев, З.Ждьярской «Функциональная морфология личинок трематод и цестод» (1986); Е.В.Гвоздев, Д.У.Карабекова «Моногенеи (MONOGENEA) рыб Казахстана и Средней Азии» (2001); Е.В.Гвоздев, В.Л.Контримавчус, К.М.Рыжиков, Л.С.Шалдыбин «Определитель

гельминтов зайцеобразных» (1970); Е.Гвоздев, И.Агапова, О.Доброхотова, Д.Жатканбаева «Экология паразитов водных животных»; Е.В.Гвоздев «Паразиты и заболевания осетровых рыб Азовского бассейна» (қолжазба 2009); Е.В.Гвоздектің Қ.Сатпаев және И.Галузо туралы (1998,1999), «Научные исследования в заповедниках Казахстана» және т.б.мақалалары (1937, 1946,1964-2005), ғылыми еңбектерінің тізімі (1979).

Хат алмасулары: қызмет барысындағы және жеке хаттары (1955-2009), Е.И.Страутманның Қ.И.Сатпаевпен кездесуі туралы естелік-хаты (1991).

Өмірбаяны байланысты құжаттары: жеке құжаттары-өмірбаяны (1963, 1979), мінездемелер мен ұсынымдар (1971,1976, 1979), мамандарды есепке бойынша жеке іс парағы (1979, 2003), қолжазба күнделігі (1980-1981), куәліктер, мүшелік билеттер (1949-1982), студентік билеттер, анықтамалар, құттықтаулар, басқа да жеке және отбасылық құжаттар (1937-2009).

Фотоқұжаттары: жеке,отбасылық (1918, 1926,1929,1930,1950- 1990), әріптестер, достар арасындағы және Е.В.Гвоздев түсірген суреттер (1938,1959, 1979), фотоальбомдар (1937, 1965).

Е.Гвоздектің жинақтаған құжаттары: Е.В.Гвоздевқа берілген сыйжазба кітаптар - «Труды Новосибирского зоосада» (Звери и птицы западной Сибири» 1937), А.И.Агапова «Паразиты рыб водоемов Казахстана» (1966), В.Я.Панин «Трематоды дикроцелииды мировой фауны» (1984), Рольф Эдберг, Алексей Яблоков «Трудный путь к воскресенью» (1988), В.Я.Панин «Казахстанская фауна» XXVI том (2007), А.П.Максимова «Цестоды-гименолепиды водных птиц Казахстана» (1989); Профессор В.А.Догель туралы-кітаптар, бүктемелер (1969,2002), естеліктер (1882-1955), суреттер, мақалалар (1906,1945,1953-1992); академик А. Конаев, академик М. Айтқожин, профессор Мариковский туралы және т.б құжаттар.

Е.В Гвоздектің отбасы мүшелерінің құжаттары: Л.П.Гвоздеваның жеке құжаттары (жары) (1941-1945,1952-2004); Л.П.Гвоздеваның авторефераты (1953), Л.П.Гвоздева «Растительность и кормовые ресурсы пустыни Сары-ишик-отрау» (1960), кітабы және мақалалары.

В.И.Гвоздектің кітаптары (әкесі) (1945), мақалалары (1951,1954, 1984).

ДӘРІБАЕВА Ж.И.

Алматы қ. МА, 492 қ, 1 т, 29 с.б., 1965-2011жж.



Дәрібаева Жадыра Ибраġımқызы (04.09.1948 ж. т.)-ақын, Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік алғашқы әнұран авторларының бірі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1990), «Құрмет» орденінің иегері (1995).

Қызметіне байланысты құжаттары: Ж.Дәрібаеваның машинкада терілген қолжазба құқығындағы шығармалары (1992, 2010); Қызыл-Орда облыстық «Ленин жолы» газетінде жарияланған өлеңдері

(1965-1967); газет қиындылары;-«Простор» (2008), «Қазақстан әйелдері» (1993) журналдарында жарияланған өлеңдері; Алматы қаласы, Абай атындағы опера және балет театрында 8-ші наурыз мерекесіне орай сөйлеген сөзі (1993) (қолжазба); сценарий жобасы (2010); К.Қасымбекованың баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары (1985-2013) (газет қиындылары); кітаптары– «Ақ бура сезімдер» (өлеңдер, әңгімелер, мақалалар, сұхбаттар), «Ақ бура сезімдер» (әңгімелер 2009); «Қасиеттілік шырағы » (өлеңдер, 2007).

Хат алмасулары: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевқа Ж.Дәрібаеваның жолдаған жеделхаты және хаты (2009), Астана қаласының әкімі И.Тасмағамбетовке (2009), Мәдениет министрі М.Ә. Құлмұхамедовке, Қазақстан Республикасы Парламентінің сенаторы Ә. Кекілбаевқа, «Заман Қазақстан» газетінің редакторы Х.Мұхамеджановқа, облыстық кітапхана директоры Г.С.Сейсенова жазған хаттары. ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Е.Амантаевтың және 6 сынып оқушысы Бекеева Айнұрдың Ж.Дәрібаеваға жазған хаттары.

Өмірбаянына байланысты құжаттар: Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған авторлық куәліктің көшірмесі, куәлік, Қазақстан Журналистер одағының Түркияға сапары туралы жол жүру куәлігі (1992) шығармашылығына байланысты) «Ақ бура сезімдер» прозалық шығармасына пікірлер; Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай Президентті ұлықтау рәсіміне шақырулары; (1992, 1996, 2001, 2005, 2011) Қазақстан әйелдерінің съезі (2011), Қазақстан Республикасы Конституциясының 15 жылдығына (2010); Қазақстан Республикасы Президентінің үндеуі, Астана және Алматы қалаларының, Алматы және Қызылорда облыстары әкімдерінің, Ж. Дәрібаева құттықтаулары және ақынға арнаулар.

Ж.Дәрібаева туралы құжаттар: Ж.Дәрібаева туралы баспа сөз беттерінде жарық көрген мақалалар (1985-2013).

Фотоқұжаттары: топтық суреттер–Тереңөзектегі Ә.Тәжібаев атындағы мектептің 60 жылдығында Ж.Дәрібаева сыныптастарымен бірге (2010), Алматы қаласында жетім балалар мәселесі бойынша ұстаздардың республикалық жиылысы (2001), Теміржол колледжі студенттермен бірге (1999); Ж.Дәрібаеваның жеке суреттері (1972, 1976, 1977); Ж.Дәрібаева және Қызылорда облысының әкімі Б.Қуандықов (2010), Жазушылар одағының съезінде Шерхан Мұртаза және т.б.; Қазақстан Республикасы рәміздерінің авторлары: Ж.Дәрібаева Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, М.Әлімбаев, Елтаңба авторлары: Ж.Мәлібеков, Ш.Уәлиханов, Тудың авторы-Ш.Ниязбеков.

ЖАРЛЫҚАСЫМОВ С.

АЛМАТЫ қ. МА, 510 қ, 1 т, 50 с.б., 1957-1995 жж.

Жарлықасымов Сәлім (12.03.1916ж.т.)-Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері, Одақтық дәрежедегі зейнеткер. "Отан соғысы" орденімен, "Сталинградты қорғағаны үшін", "Берлинді алғаны үшін", "Социалистік Еңбек Ері" және басқа да мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Өмірбаянына байланысты құжаттар: өмірбаяны, *"Социалистік Еңбек Ері"* ордені кітапшасының көшірмесі (1958), "Ұлы Отан соғысы жеңісінің жиырма жылдығы" (1966) және "СССР қарулы күштеріне 60 жыл" (1978), "Ерен еңбегі үшін" (1970), "Еңбек ардагері" (1985) мерейтойлық медальдары куәліктерінің көшірмелері, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының "Құрылыс салуда жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін" грамотасы (1957); "Киров" Қызылтулы крейсерін Қазақстанның қамқорлыққа алуына 20 жыл және кемеде Әскери-теңіз туының көтерілуіне 20 жыл толу мерекесіне орай Қазақ КСР делегациясының құрамында Жарлықасымов Сәлімнің болғаны туралы естелік жаднама. Кронштадт қ.(1958) Бүкілодақтық орталық кәсіподақтар Кеңесі Президиумының, "Алма-Атастрой" трестінің (1980), (1961), ҚазКСР министрлер Кеңесінде кезінде Бас Алматы құрылыс (1983), "Алма-Атажилстрой" тресінің (1978, 1983, 1995)," Алма-Атаметаллоснабсбыт" Басқармасының (1986), СМУ-11 құрмет грамоталары; 9 мамыр мерекесіне орай Фрунзе аудандық әскери комитетінен берілген құттықтау хат (1985); ҰОС-ы Жеңісінің 50 жылдығына орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаевтың құттықтау хаты (1995).

ДОСЖАНОВА А.

Алматы қ. МА, 599 қ, 1 т, 22 с.б., 1912-2013 жж.



Досжанова (Доцанова) (Ершина) Аққағаз (25.05.1893–21.01.1932)-Қазақ қыздарынан шыққан медицина мамандығы бойынша жоғары білім алған тұңғыш дәрігерлердің бірі (1922), 1917 жылы мамырда Мәскеуде өткен мұсылмадар съезіне шығыс әйелдерінің атынан делегат, Қазақстан автономиясы үшін алашордашылар қозғалысының қатысушысы

Өмірбаянына байланысты құжаттар: Жоғары оқу орынында оқу үшін Аққағаз Доцановаға стипендия тағайындау туралы Торғай облысының Губернаторына Сағындық Доцановтың (Аққағаз Доцанованың ағасы) өтініші (1912); Аққағаз Досжанованың Ташкент мемлекеттік мединститутын бітіргендігі туралы анықтама (1922); "Түркістан мемлекеттік университетінде оқитын жергілікті қазақ қыздарына Аққағаз Досжанова атындағы шәкіртақы тағайындау" туралы Түркістан республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің 1922 жылғы 14 желтоқсандағы қаулы (көшірмесі).

А.Досжанова туралы құжаттар: Ж.Қаңтарбаева «Аққағаз Досжанова» (1974, кітап көшірмесі); Рысжан Ілиясова «Арулар-Аналар, даналар» (2003 А.Досжанова туралы мақала, суреттері бар кітап); «Алашорда» фотоальбом-жинақ (2012); А.Досжанованың газеттер мен журналдарда «Қазақ» (1914), «Сарыарқа» (1919), «Коммунизм жолы» (1987), «Ашық Алаң» (Трибуна, 2013): «Мусульманская феминистка Аккагаз», «Правда» (1922), «Мединформ» (№ 5.1997), «Наука и жизнь» журналы (1967); «Здравоохранение Казахстана» журналы (1968), «Денсаулық» журнал (1993), «Начальная школа Казахстана» журналдарында (№3.2003) жарияланған суреттері мен мақалалары.

Фотоқұжаттары: А.Досжанова (1913), топтық суреттері-Аққағаз Досжанова, Гайнижамал Дулатова, Гүләйім Байгурина (1914); отбасылық суреті А.Досжанова және Мұхтар, Арон, Әлімғазы Досжановтар (бауыры Сағындықтың балалары) Ташкенттегі зиялы қауым және мединститут бітірушілер (1922); «Аққағаз Досжановаға 120 жыл» (Еске алу асында түсірілген суреттер топтамасы, 2013).

Отбасы мүшелерінің құжаттары: Ершин Шахбаз Әлімгерейұлы (ұлы) – Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1984), Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, академик, әл-Фараби атындағы ҚазМУУ-нің профессоры. Жеке құжаттары: "Ерен еңбегі үшін"(1970), "Еңбек ардагері" (1990) медальдары куәліктерінің көшірмелері; "Жарыс жеңімпазы" (1978), "Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Үздігі" (1996); белгілерінің көшірмесі (2004,2006).

Ершина Айнакүл Қапасқызы (келіні)–академик, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті физика кафедрасының меңгерушісі.

Жеке құжаттары: В.И.Вернадский атындағы медальдің (отандық ғылымды дамытудағы жетістіктері үшін) (2011), " ҚР ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін" төс белгісі куәліктерінің көшірмесі, дипломдар, грамоталар, сертификаттар, алғыс хаттар (2008, 2010, 2011, 2012), құттықтау хаттар мен ашық хаттардың көшірмелері. Ғылыми қызметтеріне байланысты құжаттары:кітаптары: Ш.А.Ершин, А.К.Ершина, У.К.Жапбасбаев «Основы теории ветротурбины дарье (2001); Каталог выставки достижений науки и новых технологий Казахстана «Инженерная наука и инновации: ESI-2011» Разработки Ш.Ершина, А.Ершиной; книга Ш.А.Ершина «Гидроаэродинамика» (2013); Патенттерінің көшірмелері: «Вертикально-осевая составная ветротурбина карусельного типа» Ершин Ш.А., Ершина А.К.,Ершин Ч.Ш.; 2. Б.Манатбаев «Ветродвигатель установки карусельного типа и устройство для его осуществления» (2006); «Способ тепловой защиты работающей ветроэнергетической Р.К.;Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының «Высокие интеллектуальные технологии и инновации в национальных исследовательских университетах» (2012) және «Энергетика и топливные ресурсы» (2011) конференция материалдары.

Фотоқұжаттары: Ершин Ш.А. және Ершина А.К. (2013), Ершина А.К. (2013); топтық сурет: Ш.А және А.К. Ершиндер, академиктер – Лукьянов А.Т., Жолдасбеков О.А., Султангазин О.М.

ЖАНЕТОВА К.

Алматы қ. МА, 267 қ, 1 т, 31 с.б., 1941-1983 жж.*анетова Күлпаран(08.03.1921-22.06.2010)–Алматы 1 май тігін фирмасының тігінші-моторисі, Социалистік Еңбек Ері, Қызыл Ту орденінің иегері, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.*



Өмірбаянына байланысты құжаттары: өмірбаяны (1985), қоғамдық өмірге қатысқандығы және екпінді еңбегі үшін құрмет грамоталары мен дипломдары (1941-1973); Алматы облыстық тоқыма және жеңіл өнеркәсіп

жұмысшылары кәсіподағы комитетінің Еңбек Даңқы Кітабына және Алматы қаласы Ленин ауданының Еңбек Даңқы кітабына енгізілгендігі туралы куәлік (1971), Социалистік Еңбек Ері атағының берілуіне орай КСРО Жеңіл өнеркәсіп министрі Н.Тарасов қол қойған және мерейтойларға байланысты құттықтаулар (1971ж) және өндірістік мінездеме (1972), әртүрлі шараларға байланысты шақыру билеттері, «Қазақстан әйелдері» журналында жарияланған сұхбаттары.

Фотоқұжаттар: Жеке (1970-1976), конференциялар мен слёттерде (1947-1985), еңбек ұжымдары (1976), Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысымен өткен Еңбек ардагерлері арасында түскен суреттері (1984).

ЕРАЛИЕВА М. Е.

Алматы қ. МА, 384 қ, 1 т, 34 с.б., 1974-2005 жж.



Ералиева Мәдина Есмалайқызы—(02.08. 1954—27.11. 2000), әнші, фольклорлық композиция орындаушысы, Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі (1990).

Шығармашылығына байланысты құжаттар: ноталар, ән мәтіндері (қолжазба).

Хат алмасулары: анасы Дарихаға мен Мәдинаның хат алмасулары (көшірме) М.Ералиеваның Америкаға гастрольдік сапары кезінде туған күніне жіберілген құттықтаулар мен тілектер (Штат Вашингтон, Нью-Йорк қаласы, 1996).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттарының көшірмелері-дипломдар (1974,1978); еңбек кітапшасы (1978); мінездеме; Алматы облыстық филармониясының куәлігі (1987); "Қазақстан Республикасының " Халық әртісі" атағын беру туралы отырыстың хаттамасы (1999), Алматы облысы Сүйінбай атындағы филармония директоры және көркемдік жетекшісі А.Қоразбаевтың М.Ералиеваға берген шығармашылық мінездемесі, халықаралық паспорты; фестиваль дипломдары, құрмет грамоталары (1969-1999); алғыс хаттары (1989-1996); қайтыс болу туралы куәлігі.

М.Ералиева туралы құжаттар: «Мәдина Ералиева ән шырқайды» издание «Қайнар» «Саржайлау» (1994), естелік кітап-альбом: Р.Ақболатова «Мәдина» лирикалық эксклюзивті кітап (2001); А.Невский, Клара Жұмақанқызы-М.Ералиеваға арнаулар; баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар—журналдар мен газет қиындылары (1989-2005); М.Ералиеваның әндері жазылған аудиокассеталар.

Фотоқұжаттары: жеке, әріптестері мен достарымен түскен топтық суреттер (1990-2000), Мәдина Ералиеваның портреті.

М.Ералиеваның баласының құжаттары: Қызылорда қаласының Әкімдігі, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бастығының Әрсенге жазған хаты; М.Ералиеваның қазасына байланысты отбасына, туған-туыстарына лауазымды тұлғалар мен жанкүйерінен келген хаттар, жеделхаттар.

ЕСЛАМҒАЛИЕВ М.

Алматы қ., 746 қ., 1 т., 82 с.б.; 1966 – 2016 жж.



Есламғалиев Мұқадес (18.02.1946-01.06.2004)-жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Алаш» халықаралық сыйлығының лауреаты

Шығармашылығына байланысты құжаттары:

М.Есламғалиева «Төле би», «Сырым Датұлы», «Жалантөс Баһадур», «Бейбарыс туралы толғау», «Бекежан және оның батыр ұлдары–Байрақ, Қайрақ, Тайлақ», «Пробный камень» туындылары үшін іріктелген материалдар және

қолжазбалардың шимай нұсқалары т.б.; кітаптары: «Екінші

тыныс», «Қайырлы таң» (1982) повестер; «Өз жүрегіңе үніл» роман (1996), «Төле би»-мақалалар, арнау (2000), «Әйтеке би»-шежіре (1998), «Тарихи философиялық диалогия» төрт томдық; «Мұхтар Әуезов әлемі», «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер»-жауапты редактор М.Есламғалиев; «Ғұмыр намалар мен ғибратнамалар» (2001); «Әйтеке би» тарихи-философиялық диалогия; рабочие варианты сценариев на проведение празднования юбилеев: «Ж.Молдағалиевтің 80 жылдық», «Б.Момышұлының 90 жылдық», «Ә.Шариповтің 90 жылдық», «Ғ.Мустафиннің 100 жылдық» мерейтойларына арналған сценарийлердің жұмыс нұсқалары; «Махамбет» драма театрының-«Жазықсыз тамған жас» қойылымының қолтаңбалар қойылған афишасы.

Өмірбаянына байланысты құжаттар: жеке құжаттары: өмірбаяны, Комсомол ұйымының жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін мақтау қағаздары; радио және теледидар комитетінің марапаттау парағы; зейнетақы шарты; құттықтаулар, ашық хаттар.

Хат алмасулары : туыстарымен алмасқан хаттары (1986,1988,2001); «Жалын» журналының редакторы-М.Құлкеновтың және зағиптарға арналған кітапхана директоры-М Қонысбаевтың хаттары.

М.Есламғалиев туралы құжаттар: «Өз жүрегіңе үніл» 65 жылдық мерейтойына арналған бүктеме (2011), баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар.

М.Есламғалиевтің жинақтаған құжаттары: Е.Әкімқұлов «Қош бол, альбом!», С.Шарабасов «Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры» (1976, 2000), Н.Бекмаханова «Көктем туралы аңыз», Т.Тохтамов «Ескі диірмен» (1982, 1983), С.Асылбеков «Ата жұртта» (1983), Ж.Набиулин «Қас қағым» (1996) т.б.

ЕСПАЕВ Ә.С.

Алматы қ., МА 768қ., 1т., 73 с.б., 1932-2014 жж.



Еспаев Әбілахат Смағұлұлы (25.11.1925–30.04.1980) композитор, көптеген ән мен романстардың, "Еңлік-Кебек" спектаклі мен телефильмінің туындыгері, республикалық ән байқауларының бірнеше дүркін лауреаты, Қазақ радиосының музыкалық редакторы, Қазақ КСР Композиторлар одағының мүшесі (қайтыс болғаннан кейін), Ұлы Отан соғысының ардагері, "Жауынгерлік еңбегі үшін" медалімен марапатталған.

Шығармашылығына байланысты құжаттары:

"Ұстазым менің, ұстазым", "Әндер", "Ортеке", "Ақсәуле", "Үйлену кешінде", "Аққуым", "Алтын астық тойында",

"Құрдастар" атты ән жинақтары; А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, М.Лермонтов, А.Пушкин, И.Бунин, З.Қабдолов, Ә.Сәрсенбаев, С.Мәуленов, Т.Молдағалиев, Ғ.Қайырбеков, С.Адамбеков, М. Әлімбаев, Ә.Тәжібаев, Қ.Мырзалиев, С.Жиенбаев, Н.Шакенов, Қ.Аманжолов, А.Сурков т.б. ақындардың шығармалары жазылған ноталық дәптерлер.

Телевизия және радио хабарларға арналған музыкалық жазбалары бар ноталық дәптерлер; бүктемелер мен альбомдар; музыкалық жинақтардың, өлеңдердің ноталары, афишалар, қойын дәптерлер.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жарақат алғаны туралы әскери госпитальдан анықтама (1944); салық бойынша жеңілдіктер құқығына әскери куәлік (1944); Ә. Еспаевтің әкесіне Могилев жаяу әскери училищесінен баласын "Жауынгерлік еңбегі үшін" медалімен марапаттау туралы келген хат (1947); Ә.Еспаевқа белгіленген жеңілдіктер алу үшін әскери куәлік (1947); 31 гвардиялық механикаландырылған дивизияның саяси бөлімінің нұсқаушысы, гвардия майоры Ю. А. Хохряковтың Ә.Еспаевқа ВКП (б) мүшесінің кандидаттығына кіруі үшін берген ұсынысы (1947); жол жүру жеңілдіктерін беру туралы уақытша куәлік (1979); Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында композиция мамандығы бойынша оқығандығы туралы анықтама; Алматыда өткен Бүкілодақтық ән байқауында «Мой Союз» әні үшін 2-ші сыйлықтың берілуіне байланысты Қазақстан Композиторлар одағы басқармасының құттықтауы (1973).

Фотоқұжаттары: жеке әскери суреттері (1943, 1944, 1946, 1947), соғыстан кейінгі жылдардағы суреттер (1954, 1962, 1978); отбасылық суреттер: ата-анасымен (1932); әйелі Назым, қызы Гүлмира, ұлдары Болат және Сейітжан (1954); жұбайы Назыммен бірге (1978); достарымен, таныстарымен және әріптестерімен топтық суреттер.

ЕҢСЕПОВ Ж.

Алматы қ. МА, 491қ, 1 т, 109 с.б., 1956, 1985-2013 жж.



Еңсепов Жасарал Жақсылықұлы (20.01.1954-15.06.2012) күйші, композитор, «ДЭККО»-аспаптық домбырадағы жаңа бағыт авторы, педагогика ғылымдырының кандидаты, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, 110-нан аса өлең, күй, термелердің, 70-тен аса балаларға арналған өлеңдердің авторы; «Домбыра» журналының редакторы (2007). Ж.Еңсеповтың шығармалары «Алтын қорға» сақтауға алынған.

Шығармашылығына байланысты құжаттары:

Ж.Еңсеповтың кітаптары: «Домбыра философиясы» (2007), «Домбыра өнері - халықтық өнер» - монография (2013), «Нұршашу» - музыкалық жинақ, оқу құралдары; авторефераты (2002); «Домбыра үйрену әліппесі» өзін-өзі үйрету (2000 ж.); Қолжазба және машиналық жазба жұмыстары: «Домбыра өнері және эстетикалық тәрбие» (2005), «Күй-рух», «Музыка әлемі», «Перне», «Өз тегін ұмытқан халық өзін ұмытады»; машинкалық жазба мақалалары: «Төрколология өркениет шыңы», «Тоғыз тарау түймесі», «Қорқыт 7-8 ғасыр», «Ноғайлы», «Айтыс, «Шежіре», «Тоны көк 7-8 ғасыр», «Махмұд қашғари 11»; «Музыка» оқулық хрестоматиясы (1998), «Музыка» орта мектептің 5-сыныбына арналған сынақ кітапшасы (2000); Баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары (газет, журналдарда): «Философия двух струн», «Домбыра білім мәдениетінің тірегі» және т.б. (2001-2007); Ж.Еңсеповтың шығармаларының тізімі, музыкалық шығармаларының қолжазбалық журналы.

Ж.Еңсепов туралы құжаттар: «Күйші- сазгер, ғалым- ұстаз Жасарал Еңсепов туралы естелік кітап»; Ж.Еңсепов туралы баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар (газет қиындылары 1990-1996).

Өмірбаянына байланысты құжаттар: еңбек кітапшасының көшірмесі; күнделік (қолжазба 2003-2008); Қапшағай қалалық білім бөлімі меңгерушісінің куәлігі (2000); зияткерлік меншікті мемлекеттік тіркеу туралы куәлік «Домбыраның дыбыс ойығының философиясы» (2007); Мерейтойларға арналған құттықтаулар, Ж.Еңсеповтың жеке шығармашылық концертінің афишалары, И.Тасмағамбетовтің мерейтойлық құттықтау жедел хаты (50 жылдық мерейтойына орай)

Фотоқұжаттары: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев және Ж.Еңсепов; отбасылық суреттер: Ж.Еңсепов және жары Фарида, ұлы Сырым және немересі, ұлы –Асылбек Еңсепов.

Ж.Еңсеповтың жинақтаған құжаттары: «Домбра» (2007), Е.Балабеков «Қазақтың музыкалық фольклоры» (2006); «Мир Евразии» № 2- 2004 жыл», «Вся Азия» № 1- 2005 год, «Қыз құпиясы» № 1 -2003 жыл, «Магазин» № 1- 2008 жыл, Асылбек Еңсепов туралы мақалалар жарияланған журналдар.

Ж. Еңсеповтың ұлы- Асылбек Еңсеповтың құжаттары: «Майра әніне фантазия» ноталық дәптер; Ф.Еңсепова, М.Таубалдиев, А.Еңсепов - «Өнер ғұмыр» кітап.

ЖАҒАН А. Қ.

Алматы қ. МА, 291 қ, 1 т, 63 с.б., 1967-1997 жж.



Жаған Алтыншай Қайыржанқызы (23.12.1945 ж.т.)

–жазушы, драматург, «Қазақстан әйелдері» журналының бас редакторы (2002), Қазақстан Кинематографистер одағының мүшесі, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1990), ҚР Жоғарғы кеңесінің депутаты (1994), Қазақстан «Дәуірлеу» партиясының төрайымы (1995).

Шығармашылығына байланысты құжаттары:

Қолжазбалар: «Аққоян» кітабы (1972), пьесаларының сценарийлері: «Қу тазша» (комедия), «Нөсер» (драма), «Беймаза әйел» (драма), «Жан алқымда» (драма), «Иірім», «Көптің бірі», «Таныс соқпақпен», «Роль», «Алма», «Той», «Цена петушиного бою», «Мүслима», «Бақытты Соня»,

«Есерсоқ», «Еркетотай», «Жамал апай», «Әмина», «Ана» (Қаз КСР-нің халық артисі Әмина Өмірзақова туралы), КСРО халық әртістері ҚазКСР Шәкен Айманов пен Ермек Серкебаевтың шығармашылық портреттері. Республикалық мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар мен әңгімелер: «Істер мен жоспарлар туралы» (1967), «Ана бақыты» (1969), «Иірім» (1969), «Еркетотай» (1972), «Шаңырағыңды шайқалтпа» (1974) жастарды ұлттық өзіндік тануға тәрбиелеуде әйелдердің рөлі туралы мақалалар (1990, 1991), «Арман жырдың асулары» (Қазақстанның халық жазушысы Тұрсынхан Абдрахманованың туғанына 70 жыл толуына байланысты (1992), «Немқұрайдылық біздің мәдениетімізді бұзуда» (1994), «Ойтолғақ» (ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» кітабы туралы 1996), «Ата түрік жерінде» (Венгрияның Қазақстандағы елшісі мен сұхбаты). А.Жағанның «Кінәсіздер» атты қысқа метражды новелласын талқылау жөніндегі «Қазақфильм» киностудиясында өткен жиналыстың хаттамасы.

Қоғамдық қызметіне байланысты құжаттары: Сайлау алдындағы бағдарламасының мәтіні, жанұя құқығы, ана және бала жөнінде Қазақстан КП ОК мәжілісінде сөйлеген сөздері, Қазақ КСР- де мүгедектерді қорғау жөніндегі Заңға толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы, әйелдер форумында, қайта құру кезеңіндегі әйел проблемасы жөнінде, Зайсандағы жер сілкінісі туралы материалдар, Семей облысының Абыралы ауданының тұрғындарының денсаулығы жайында, ядролық сынақтан жапа шеккендер, «Дәуірлеу» партиясының материалдары, жоспары (1995-1997), БАҚ- да ҚР Жоғарғы Кеңесінің қызметін жариялау жөніндегі ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі жанындағы комитеттердің құжаттары.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: Өмірбаяны, арнау өлеңдер, «Қазақстан әйелдері» журналының 70 жылдығына және қор жасаушының 50 жылдық мерейтойына арналған құжаттар, диплом көшірмесі. «Қазақстан әйелдері»

журналының полиграфиялық орындау және рәсімдеу саласында жеткен жетістіктері жөнінде құжаттар, хаттар.

А.Жаған туралы құжаттар: «Вечерняя Алма-Ата», «Казахстанская правда», «Көкшетау» басылымдарына берген сұхбаттары, арнаулар.

Фотоқұжаттары: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев пен отбасымен бірге, мәдениет және өнер қайраткерлері арасында, «Қазақстан әйелдері» журналының редакциясында, шығармашылық сапар кезінде, демалыс сәттерінде түскен суреттері.

ЖАҚАНОВА С. М.

Алматы қ. МА, 330 қ, 1 т, 47 с.б., 1962-1996 жж.



Жақанова Сауық Мәсігүтқызы (14.02.1945ж.т)
– Қазақ радиосының дикторы (1966-1996), «Құрмет белгісі» орденінің иегері (1985), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі (1955).

Шығармашылығына байланысты құжаттары: мектеп оқушыларына арналған «Этого нет в ваших учебниках» атты радио хабарының сценарийі (1982); қазақ радиосының жұмысы жөніндегі материалдар (1969-1999); Қазақ КСР-нің халық әртісі Ә.Байжанбаев туралы материалдар (1980);

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттары, Қазақстан КП Жетіқара ауылдық өндірістік партия комитетінің Құрмет кітабына енгендігі туралы куәлік (1963), грамоталар (1970-1995); құттықтаулар мен арнаулар.

С.Жақанова туралы құжаттар: Республикалық мерзімді басылымдарда жарияланған өмірі мен шығармашылығына байланысты мақалалар мен сұхбаттар (1963-1996); мерзімді баспаларға берген сұхбатының ұнтаспасы (1962, 1986).

Фотоқұжаттары: Жеке суреттері (1961) жанұясының ортасында (1969-1996), Қазақ радиосының ұжымымен бірге түскен суреттері (1977-1981).

ЖАНДЫБАЕВ Ғ. Е.

АЛМАТЫ қ. МА, 288 қ, 1 т, 299 с.б., 1956-2019 жж.



Жандыбаев Ғұсман Елеу (25.03.1944ж.т.)
–ақын, аудармашы, республикалық поэзия конкурсының лауреаты (1966-1969) және І.Жансүгіров атындағы әдебиет сыйлығының (1995) және КСРО, ҚазКСР Журналистер одағының мүшесі, КСРО Әдебиет қорының мүшесі.

Шығармашылығына байланысты құжаттары: «Тарайрық» әндер мен балладалар жинағының қолжазбалары (1998), «Терісқақпай» өлеңдер жинағы, баспада жарияланған әңгімелер мен өлеңдер, мақалалар. Өлеңдер жинағы: «Жер жүрегі» (1967), «Асыл жандар» (1971), «Жыр желкені» (1986), «Қазақ әдебиеті» және «Спорт»

газеттерінде жарияланған өлеңдері (1966-1997), «Жүз бір мақал» мақалына шимай жазба түсініктеме, өзбек, орыс тілдеріндегі өлеңдердің қазақ тіліндегі аудармалары (1984-1988). Әртүрлі тақырып бойынша сын-пікірлері. «Оттан түспеген ойлар...» (қолжазба, дәптерлер топтамасы)

Өмірбаянына байланысты құжаттары: Қызметі, білімі туралы мәліметтер, қор құрушы қатысқан поэзия конкурстары; жанұясы туралы; хаттар, грамоталар, шақыру билеттері, құжаттар тізімдері, архивке өткізген құжаттардың тізімдері. С.Жандыбаева (қызы) мен А.Ғұсманның (ұлы) жарияланған мақалалары мен қолжазбалары

Ғ.Жандыбаев туралы құжаттар: Ғ.Жандыбаев туралы баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар (газет қиындылары 1966-1995).

Фотоқұжаттар: Әр жылдардағы жеке, отбасылық, қызмет барысындағы суреттер (1960-1995).

ЖАМАНСАРИН Т.М.

Алматы қ. МА, 513 қ, 1 т, 34 с.б., 1966-2012 жж.



Жамансарин Тоқтар Мәдиұлы (17.04.1947ж.т.) ғалым, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор.

Ғылыми және шығармашылық құжаттары:

«Ветеринарно-санитарные и гигиенические требования к устройству технологических линий удаления, обработки, обеззараживания и утилизации навоза, получаемого на животноводческих комплексах и фермах» (ғалымдар И.Д.Гришаев, В.С.Долгов, Т.Жамансарин және т.б. тетеавторлығымен құрастырылған, 1979), ветеринария ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін Т.М.Жамансарин диссертациясының авторефераты:

«Разработка мероприятий по улучшению содержания овец и объектов ветеринарной охраны на откормочных площадках» ("Мал бордақылау алаңдарында малдәрігерлік күзет нысандарын және қойларды күтіп-ұстауды жақсарту бойынша іс-шараларды әзірлеу" 1980), ветеринария ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін Т.М.Жамансариннің диссертациясының авторефераты: «Теоретические основы разработки и комплексного применения дезинфекционных и дератизационных средств» ("Дезинфекциялық және дератизациялық құралдарды кешенді қолдану және әзірлеудің теориялық негіздері" 2010); Т.М.Жамансариннің ғылыми жұмыстары (бүктемелер): «Дератизация различных животноводческих объектов» (1988), «Биологический метод дератизации» (1994), «Болезни, распространяемые синантропными грызунами» (1994), «Дератизационные мероприятия в объектах надзора» (1998), «Проблемы дератизации объектов сельского хозяйства» (1998); Тусупбеков Е.А., Жамансарин Т.М.: «Рекомендации по системе зоогигиенических мероприятий в шерстном козоводстве Семипалатинской области (1992); Жамансарин Т.М. «Кеміргіштерге қарсы малдәрігерлік санитарлық шаралар» (2005), «Мал

аурулары»-сыйжазба; Тізім: 95 ғылыми мақалалар, кітаптар, патенттер, Т. М. Жамансариннің авторлық куәліктері және т. б.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: орта білім туралы аттестат (1948), студенттік билет (1970-1975) және Семей зооветинститутының дипломы (1975), партия билеті және КОКП мүшесінің есеп карточкасы (1974), әскери билет (1980), Қазақстан Компартиясы Семей обкомының марксизм-ленинизм университетінің дипломы (1983), КСРО жалпы азаматтық шетелдік паспорты (1990), медициналық кітапша (2001), ғылым кандидаты дипломы (1980), доцент аттестаты (1986), Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринарлық институтының қызметтік куәлігі (2010), зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (2007), Қазақстан Республикасының патенттерін беру туралы өтініш және өндіріске ғылыми әзірлемелерді енгізу актілері (2003-2004), патенттердің көшірмелері (2004,2005); "ҚР АШМ Мал шаруашылығы және ветеринария ғылыми-өндірістік орталығы "ШЖҚ РМК Ғылыми консультантты міндеттерінен босату туралы бұйрығының көшірмесі (2006); "Антиген" ғылыми-өндірістік фирмасы ЖШС отырысының Т.М.Жамансариннің диссертациялық жұмысын қарау туралы хаттамасынан үзінді (2006); "ҚР АШМ Мал шаруашылығы және ветеринария "дезинфекциялық және дератизациялық құралдарды әзірлеудің және кешенді қолданудың теориялық негіздері" тақырыбына арналған ғылыми-практикалық конференция, докторлық диссертацияға қорытынды (2010), Қырғыз Республикасы Ұлттық комиссиясының ветеринария ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру туралы шешімі (2011).

Фотоқұжаттары: Семей қаласы студенттерінің топтық фотосуреттері Зооветинститут (1973, 1975, 1980, 1983,), институттың әскери кафедрасы студенттерінің полигондағы топтық фотосуреті (1975), жеке фотосуреті-2-ші курс студенті Т.Жамансарин (1972), әріптестерімен (оқытушыларымен) топтық фотосуреттері (1980), Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық ветеринарлық санитария ғылыми-зерттеу институты жанындағы зоогигиенистердің үйлестіру кеңесінде ғалым-әріптестерімен топтық фотосуреттері (1980,1985); Т. Жамансарин Мәскеу қаласы, Қызыл Алаңда (1977); Т.Жамансарин Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Каменка ауылындағы орталық зертхана қызметкерлерімен (2002), Т.Жамансарин, Ж.Үшкөмпіров, Е.Төрежанов, К. Оразалиев (Семей қ. 2002), Т.М.Жамансарин Республика күніне құттықтау сөз сөйлеу кезі (2007), Т.М.Жамансариннің Алматы қ. ғылыми-зерттеу орталығында (2008).

Т.Жамансариннің жинақтаған құжаттары: "«Достижения НИИ овцеводства за 70 лет» "Халықаралық ғылыми-өндірістік конференциясының материалдары (2003); «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Қазақ ветеринарлық ғылыми-зерттеу институты» РМҚК ғылыми еңбектерінің жинағы (2000), "Научные исследования в области ветеринарной медицины и их результаты "ҚазҒЗИ ғылыми еңбектерінің жинағы (2011), «Научное обеспечение мероприятий по борьбе с

инфекционными и инвазионными болезнями сельскохозяйственных животных в Казахстане» ғылыми еңбектерінің жинағы (2000), «Гигиена промышленного животноводства» Солтүстік-Кавказ аймақтық ғылыми-зерттеу ветеринарлық институтының мақалалар жинағы (1978), Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеттің Хабаршысы (2004), Қазақстан ауылшаруашылық ғылымының Хабаршысы (2004); Ұланбатыр қаласында өткен 7-ші Халықаралық ғылыми –тәжірибелік конференция материалдары: "Научное обеспечение устойчивого развития АПК Республики Казахстан, Сибири, Монголии и Кыргызстана " (2004), Барнаул қаласында өткен 8-ші Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: "Аграрная наука-сельскохозяйственному производству Республики Казахстан, Сибири, Монголии и Кыргызстана " (2005); Алматы қаласында Ветеринариялық ғылыми-зерттеу институтының 100 жылдығына байланысты өткен Халықаралық ғылыми –тәжірибелік конференция материалдары: "Современное состояние и актуальные проблемы развития ветеринарной науки и практики"(2005); Журналдары: «Животноводство, кормопроизводство и ветеринария» № 1(2007), «Жазира» № 12 (2006), «Жаршы»-Т.Жамансариннің ғылыми мақалалары жарық көрген (2004, 2005) – араб әліпбиіндегі журналдар (2004,2005).

ЖӘКІШЕВА З. С.

Алматы қ. МА, 435 қ, 1т, 50 с.б., 1946-2006 жж.



Жәкішева (Сыпатаева) Зәбира Сыпатайқызы—этнолог ғалым, композитор, Бқылас атындағы Республикалық халық аспаптар музейінің және «Сазген» фольклорлы-этнографиялық ансамблін құрушылардың бірі, Музейдің ғылыми-дыбыстық тобының сүйемелдеуші-сырнайшысы, Мәскеу қаласында өткен XII Дүниежүзілік жастар және студенттер фестивалінің лауреаты, «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері, Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері.

Шығармашылығына байланысты құжаттар: авторлық әндерінің ноталары (1967-1989); Өлеңдер жинағы :«Жастық шақ әуендері» (1993) З.Жакишеваның қолтаңбасымен, «Шыңғыстаудың ән самалы» (1998); «Эллегия» нота журналы (1998); Бқылас атындағы Республикалық халық аспаптар музей экспонаттарының ғылыми паспорты (қолжазба, түпнұсқа 1980-1999) тт. 1,5(1993), 6 (1994); Қазақ халық аспаптар музейінің экспозициялық жоспары (2000-2002); Қазақ халық аспаптар мұражайының көрмелерінің сипаттамасы (2002); Музей экскурсиясының мәтіні (2003); Музей жөнсілтері (2004). З. Жәкішеваның мақалалары: «Сырын ешкім білмейтін сыбызғышы» (2002); «Көрмесе көрерменнің көнілі орта», (Егемен Қазақстан» газеті 1996); «Шебер» (Әдебиет айдыны» газеті 2007); «Сазген» қалай

кұрылды?» (Жас алаш» газет 2001); «Қылқобыздың бір пірі» (Алматы ақшамы газеті 1993); «Сапар сазы», «Асыл қазына» (Социалистік Қазақстан газеті 1982); «Музыка аспаптарының музейі» (Семей таңы газеті 1981); «Москва аспанында сазды әуен» (Лениншіл жас газеті 1985); «Тәттімбеттен тағлым алған» (Мәдениет 1992); «Махамбет мұрасы» (Ақжелкен журнал 2003), «Қазақтың музыкалық аспаптар әлемі» тарихи – этнографиялық зерттеулер (2003).

Хат алмасулары: «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес қазақ музыкалық аспаптарын жасау шебері Қамар Қасымұлын еске алу туралы З.Жәкішеваның Мәдениет министріне жазған және Алматы облыстық мәдениет қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті, Мәдениет министрлігі, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Қазақ КСР мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейімен жазысқан хаттары (1992-2003).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттарының көшірмелері - туу туралы куәлік, орта мектепті бітіргендігі туралы аттестат (1966), Абай ауданы, Құндызды ауылының тұрғыны екендігі туралы анықтама, жеке куәлік, салық төлеуші куәлігі, жұмыс орнынан берілген анықтама: Ықлас атындағы Халық музыкалық аспаптар музейінің меңгерушісі; Қазақ КСР Мәдениет министрінің Ж.Жәкішеваны Республикалық халық аспаптар музейі директорының орынбасары етіп тағайындау туралы бұйрығы (1982) түпнұсқа құжаттар: КСРО Мәдениет министрлігінің Кремльдегі театрына кіру үшін рұқсат қағазы (1967), әнші-аспапшының аттестациялық куәлігі (1981), КСРО Мәдениет министрлігінің (1987) «Үздік жұмысы үшін» төсбелгісінің куәлігі (1987), КОКП партиясының партиялық билеті (1991); музейдің құрылуының 10 жылдығына орай Алматы облысының қызметкерлері арасында халық музыкалық аспаптарын жинау, қалпына келтіру, ұлттық музыка өнерін насихаттаудағы, ұлттық музыка өнері мен эстетикалық тәрбие берудегі белсенділігі үшін марапатталған алғыс хаттары(1985), XII Дүниежүзілік «За высокий художественный уровень исполнительского мастерства и активное участие в культурной программе» жастар және студенттер дайындық Комитеті фестивалінің дипломы (Москва 1985), Қазақ КСР-нің мәдениет және сәулет ескерткіштерін қорғау қалалық қоғамының дипломы (1989), ҚР Ұлттық кітапханасының дамуына қосқан үлесі үшін алғыс хат (әдебиеттерді беру,2004).

З.Жәкішева туралы құжаттар: мерзімді басылымдардағы мақалалардың қиындылары және көшірмелері - «Еңбек туы» (Семей облысы Абай ауданы газеті 1967), «Семей таңы» (газеті 1968), «Дала еркесі сұлу ән», тарх ғылымдарының кандидаты, этнограф -Ахмет Тоқтыбаевтың «Приоритеты развития культуры и искусства Казахстана на современном этапе» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияда «Ән күй арқауы - жылқы» тақырыбында З.Жәкішева туралы сөйлеген сөзі.

Фотоқұжаттары: жеке фотосуреттер, әріптестерімен, танымал адамдармен, студенттермен. З.Жәкішеваның жеке фотосуреттері (1968, 1998), Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және әріптестерімен музейдегі топтық фотосуреттер, «Сазген» ансамблінің әріптестері - Забира, Тойған, Сәуле; Забира және Рымхан Жәкішевтер Ленинградта (1987), ҚазҚызПИ-дің 60 жылдығын мерекелеуде (2004

); Трио - жетігенде - С. Мерекеева, қобызда- Е. Қуандықов , сырнайда- З. Жәкішева (1982).

З.Жәкішеваның жинақтаған құжаттары: «Қожахмет Яссауидің хикметтері мен әндері» атты сыйжазба жинақ (1998), «Қорқыт сарыны» (2001), Талғат Мұқышев «Сыбызғы сазы» (сыйжазба, 2005), А. Баделхан «Әнші Майра» (сыйжазба, 2001), «Kazakh,s custom and culture» журналы «Қытайдағы қазақтардың өмірі мен мәдениеті» (2007), Абылай Түгелбаев «Өмір естеліктері (кітап, авторлық сыйжазба 2007);

Шебер Қамар Қасымов туралы газет, журналдарда жарияланған материалдар (1943-1993), А.Баделхан, З.Жәкішева «Қамар Қасымов» (кітап, 2004ж.), Қ. Қасымовтың өмірбаяндық кітаптары: мінездеме (1946), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталары (1947,1949, 1954), Қазақ КСР халық әртісі атағын беру туралы Жарлық (1947), Қ.Қасымовтың туғанына 100 жыл толуына орай өткізілетін мерейтой құжаттары (1993).

Туыстарының құжаттары: күйеуі Жәкішев Рымханның өмірбаяндық құжаттары- туу туралы куәліктің көшірмесі (1943), Әскери билеті (1964), КОКП партиялық билеті (1974), Семей автокөлік-механикалық техникумының дипломы (1964), Марксизм-ленинизм университетінің дипломы. Экономика және жоспарлау (партиялық экономикалық актив), «Ерен Еңбегі үшін» медалі (1975), қайтыс болғандығы туралы куәлік (1999).

ЖИЛА Ф. Н.

Алматы қ. МА, 268 қ, 1 т, 14 с.б., 1965-1985 жж.



Жила Федор Никитович (20.12.1923-18.09.1991)

– Кеңес Одағының батыры, Ұлы Отан соғысының ардагері, Алматы қаласы Совет ауданының алғашқы әскери дайындық жөніндегі инспекторы.


Өмірбаянына байланысты құжаттары: Өмірбаяны (1985), коммунистік еңбектің екпінділері мен озаттарының XIII –ші аудандық слётінде Еңбек Даңқы берілгендігі туралы куәлік, қалалық пионер штабының естелік дипломы (1965), өсіп келе жатқан ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмыста жеткен жетістігі үшін құрмет грамотасы, құттықтаулар (1974-1984), шақыру билеттері (1969-1982), Ф.Н. Жиланың «Ветеран войны» журналында жарияланған «Нам было чуть больше семнадцати...» мақаласы.

Ф.Н. Жила туралы құжаттар: Қор құрушы туралы газет мақалаларының қиындылары (1983-1985).

Фотоқұжаттары: «Ветеран войны» журналындағы «Вечерняя Алматы» (1984) және «Казахстанская правда» газеттеріндегі Ф.Н. Жиланың суреттері (1985).

ЖҰМАБАЕВ Ә.Ж.

Алматы қ. МА, 575 қ., 1т., 193 с.б., 1950-2013жж.



Жұмабаев Әбілмәжін Жұмабайұлы (22.03.1929-27.03.2013) – журналист, жазушы, аудармашы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Құрмет белгісі» ордені және «Еңбектегі ерлігі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдарының иегері, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері».

Шығармашылығына байланысты құжаттары: Ә.Жұмабаев

«Кездесулер күнделігінен» жинақ (естеліктер, мақалалар, очерктер), күнделіктер, қойын дәптерлерлері-қолжазба және авторлық түзетулерімен мақалалары: «Ақ тұмадай тұнық сөз» (Т.Жармағанбетов туралы 1984), «Паустовский жайлы бірер сөз» (1984); «С.Мұқанов туралы естеліктер» (1985), «Ұлы ғалым ғұмырының бір беті» (Қ.Сәтпаев туралы, 1991), «Кенесары Қасымұлы» (туғанына 190 жыл, 1992), «Жаралы жер» (Семей полигоны жайында, 1992), «Ғұлама ұстаз» (Б.Кенжебаевтың туғанына 90 жыл, 1994), «Ақынның соңғы ерлігі» (Ж.Молдағалиев жайында, 1996), «О.Сырым-Батыр Датове», «Азамат. Қаламгер. Ұстаз.» (Қ.Шәріпов туралы), «Қош қайран Асеке» (А.Тоқпанов туралы) және т.б.

Ә.Жұмабаевтың аудармалары: Л.Н.Гумилев «Ғұндар» (ауд. Ә.Жұмабаев, П.Бейсенбаев), А.Дюма «Граф Монто-Кристо» (ауд. Ә.Жұмабаев, Қ.Жұмағалиев), А.Дюма «Үш ноян», П.Мериме «Қиямет түні», «Лукреция ханымның көшесі», В.Яневский «Заруштың киелі көк құсы» (1994), С.Цвейг «Румды жаулап алу», Ф.Саган «Фитура», И.Зиедонс «Көк ертеке», Ә.Науаи «Ақынның атқосшысы», Э.Станев «Шабдалыны ұрлаушы», «Таутеке», И.Скляутаускас «Шығыстан шыққан данышпан», И.Эренбург «Қазақтар», А.Кристи «Испан сандығы», С.Моэм «Көндікпеген-көнбеген», Ж.Неру «Америкадағы Майя өркениеті», «Араптар мен монғолдар», «Білімдіден шыққан сөз», «Қытайдағы бейбітшілік пен гүлдену ғасыры», «Маньчжуриялық ұлы билеуші Қытайда», «Рим Карфогенге қарсы», «Бабыр мен Акбар», «Үндиядағы монғолдар мен империясының құлдырап барып кетуі», «Батыс Азиядағы империялар», «Ежелгі өркениеттер және біздің мұрамыз», «Тарих сабақтары», «Персия мен Греция»; Ю.Казаков «Романға беташар» (1966), Д.Снегин «Үш қойын дәптер немесе ауырым Бауыржанның ашқан жаңалықтары», «Бәрімізге ардақты Бауыржанмен сырласу», Л.Толстой «Неге? Не үшін?», «Адамға қанша жер керек», «Ермак», А.Грин «Өзенмен жүз шақырым», «Алғашқы желкендер», А.Куприн «Суламифь», И.Тургенев «Масайраған махаббат», К.Паустовский «Тарас Шевченко», А.Бек «Б.Момышұлына қайта барғанымда», А.Грин «Қара гауһар», И.Ефремов «Ақ мүйіз», В.Короленко «Дала бекзатының үйі», Л.Мартынов «Айналайын», Г.Марков «Келер ғасырға», Е.Ковалевский «Құмдағы кездесу», А.Фет «Қиял», С.Ягмурова «Атамның мейрамы» және т.б.

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттары: Жазушылар және Журналистер одағының куәліктері мен мүшелік билеттері, мінездемелер,

анықтамалар, партия және әскери билеттері, рұқсат қағаздар, келісім шарттар, бүктемелер, шақыру билеттер 50,60,70 және 80 жасқа толуына орай мерейтой құттықтаулары. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталары (1979, 1989), Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары И.Тасмағамбетовтың Алғыс хаты, мерекелік құттықтаулар және т.б.

Хат алмасулары: Ә.Жұмабаевқа келген хаттар, Жедел хаттар (1969, 1974, 1976, 1987, 2001, 2002, 2009,2010), «Хаттар тілі» (О.Сүлейменов пен И.Тасмағамбетовтың хат алмасулары, аударма).

Ә. Жұмабаев туралы құжаттар: ол туралы мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар, А.Әбілов «Ә.Жұмабаевтың көркем аудармадағы шеберлігі» (филология ғылымының кандидаттығына диссертация), «Дос жайлы бір ауыз сөз» әріптестерінің жазған пікірлері, Т.Молдағалиев, Н.Жанаев, М.Рашев, Қ.Жұмағалиев т.б. арнаулар.

Ә.Жұмабаевтың жинақтаған құжаттары: сыйжазба кітаптары- Қ.Мұхамеджанов «Пьесалар, өнер жайлы ойлар», Г.Бельгер «Мұнар тау», Ә.Сәрсенбаев « Ақша бұлттар», «Саңлақ» (Қ.Мұхамеджанов туралы естеліктер), З.Ақышев «Иманжүсіп», «Жаяу Мұса», Т.Молдағалиев «Үш томдық шығармалар жинағы», А.Нурпейсов «Последний долг», Б.Мұқай «Өмірзая»; Н.А. Костылева «Әдебиет саласындағы Нобель сыйлығының лауреаттары 1901-1990», «Абыз ақынның аудармашылық өнері» (Ш.Құдайбердиев туралы) және т.б.

Фотоқұжаттар:Ә.Жұмабаевтың жеке суреттері, (1952-2004), М.Жұмабаев, Қ.Сәтпаев, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің, К.Салықов, Ж.Нәжімеденов, суреттері, КСРО жазушыларының V съезінде түскен суреттері (Москва, Кремль 1971), Кенен Әзірбаев, Бауыржан Момышұлы, Ш.Айтматов, Әбділдә Тәжібаев, Жұбан Молдағалиев, Р.Гамзатов, Р.Бердібаев сынды тұлғалармен бірге түскен суреттері. Жанұялық суреттері және З.Ақышевтің фотоальбомы.

ЗАГОРОДНЕВ В. А.

Алматы қ. МА, 370 қ, 1 т, 23 с.б., 1946-2004 жж.



Загороднев Владимир Афанасьевич (22.10.1927ж.т.) – құрлысшы -инженер, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнертапқышы, КСРО өнертапқышы, II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Жапонияны жеңгені үшін», «Кореяны азат еткені үшін» медальдары және ұлы жеңістің мерейтойларына арналған көптеген медальдармен марапатталған. Республика көлеміндегі дербес зейнеткер, Ұлы Отан соғысының ардагері.

Кәсіби қызметіне байланысты құжаттары: техникалық жобалары (1984-1987, 2003); кәсіби қызметі барысында баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары (1973-1981); кәсіби қызметіне байланысты материалдар (суреттер 1974-1991); Алматыда өткен құрылыс ісіне арналған техникалық-жобалау көрмесіндегі Үкіметтің марапаттау куәліктері мен құжаттарының фотосуреттері (2003);

В.Загородневтің қолданбалы өнер туындыларының суреттері бар диск (қызығушылығы: ағаш ұстасы, мыспен, жезбен қаптау (2004).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: В.А.Загородневтің жеке құжаттары: өмірбаяны, дипломдары, Үкімет тарапынан алған марапаттарының куәліктері, Ұлы Отан соғысы ардагерінің орден кітапшалары мен куәліктері, Совет Армиясымен Флотының мерекелі күндеріне орай марапаттаулары (көшірмелері), еңбектегі ерлігі үшін берілген Үкімет марапаттауларының куәліктері, өнертапқыш куәліктері (көшірме), патенттері (1946-2004).

В.Загороднев туралы құжаттар: жарияланымдар мен мерзімді басылымдардағы мақалалар, В.Загороднев туралы бейне жазбалар (2001-2003), «Блочно-переставная опалубка В.А. Загороднева» кинофильм көшірмесі (1982);

Фотоқұжаттары: жеке және отбасылық (1966-1990), әскери қызметтестермен топтық суреттер (Тынық мұхиты, (1947); әріптестер арасында (1984-1989); В.Загороднев ҰОС ардагерлері және майдандастар достарымен бірге (1989-1990).

ИРАН- ҒАЙЫП (ОРАЗБАЕВ И.А.)

Алматы қ. МА, 740 қ., 1т., 558с.б., 1970-2018жж.



Оразбаев Иранбек Әбітайұлы (07.06.1947) ақын, драматург, «Парасат» орденінің иегері, «Қорқыттың көрі» өлеңдер жинағы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2002), Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2011), Тәуелсіз «Платина Тарлан» сыйлығының лауреаты (2007), «Қызылорда облысының құрметті азаматы» (2008).

Шығармашылығына байланысты құжаттары:

Қазақстанның әнұраны (байқауға қатысу үшін жазған төрт автордың мәтіні); «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» фильміне арналған өлеңдер мен әндер; өлеңдер жинағы: «Даңқ жүрегі» (1974), «Жүрек жырлайды» (1974), «Жеті қазына» (1977), «Сұлулықпен сырласу» (1980), «Сұлулық сарасы» (1985), «Дүниежарық» (1987), «Мұнар Мұнар Мұнарым» (1992), «Иран бағы» (1995), «Қорқыттың көрі» (2001); драмалық поэмалары: «Іштегі мүгедек», «Сүйімбай», «Мен ішпеген у бар ма» (машинкаға басылған қолжазбалар), өлеңдері мен поэмалары: «Глаза ночи », «Неміс қызы»; Киплингтің «Маугли» - «Мауглидің оралуы» негізінде жазылған фантастикалық сценарий (машинада басылған қолжазба); іс-шара сценарийлері; орыс, украин және шетел авторлары еңбектерінің қазақ тіліне аудармасы: А. Пушкин, М.Лермонтов, С.Есенин, Т.Шевченко, В.Гюго және басқалар; танымал және әйгілі адамдарға арналған поэтикалық арнаулар: И.Тасмағамбетов, Б.Төлегенова, Қ.Қайсенов және басқалар;

Өмірбаянына байланысты құжаттары:

жеке құжаттар: өмірбаяны (1977, 1986), КСРО Жазушылар одағының Жоғары әдеби курстарын бітіргендігі туралы куәлік (көшірме,1981), В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітіргені туралы диплом (көшірме, 1970), мамандарды тіркеу бойынша есепке алу парағы, Жазушылар одағына мүшелікке

шығармашылық ұсыныс (1975), Қазақстан Жазушылар одағының шығармашылық мінездемесі, Қазақстан Жазушыларының VIII съезі делегатының мандаты, отбасы құрамы туралы, жұмыс істеген жерінен анықтамалар (1981), баспа әдеби шығармаға арналған келісімшарттар (1980-1991), шығармашылық дипломдар, диплом-сертификаттар, (2003, 2007); құттықтаулар мен ашық хаттар, құрмет грамоталары мен сертификаттар (2000-2003), шақыру билеттері, бүктемелер, афишалар, бағдарламалар (1983-2003) және т.б.

Хат алмасулары: И.Оразбаевтың Президент Н.Назарбаевқа үндеуі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары И.Тасмағамбетовке еңбектерін жариялау туралы жолдаған хаты; мемлекеттік кеңесші Ә.Кекілбаевқа ашық хаты; Қызыл-Орда облысының әкімі Б.Сапарбаевқа ашық хаты; Мәдениет, білім және денсаулық сақтау министріне, Өнер, әдебиет, сәулет комитетінің төрағасына хаттары; ақын-аудармашылармен әдеби мәселелер бойынша хат алмасуы; туыстарымен, достарымен және таныстарымен хат алмасуы; жас ақындармен хат алысуы; Темірхан Медетбекпен жеке хат алмасуы; әріптесі және досы Александр Кичинскиймен хат алмасуы (Украина); қызы Шырынның хаттары; ұлының қайғылы қазасына байланысты әріптестерінен, достарынан келген көңіл айту хаттары, жедел хаттар және т.б.

Иран-Ғайып туралы құжаттар: Иран Ғайып поэзиясы туралы

Ролан Сейсенбаевтың, Нұртас Исабаевтың пікірлері; Иран-Ғайыптың Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған өлеңдер жинағына Қ.Мырзалиевтің жазған пікірі; Иран-Ғайыпқа арналған өлеңдер және т. б., баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар (газет, журнал).

Иран-Ғайыптың жинақтаған құжаттары:

Г.Рутковская «Воспоминания о 50-летию театра им.М.Ауэзова»; сыйжазба кітаптар: Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» (1975), Т.Табаев «Восход солнца», .Мырзабеков «Іңкәр дүние» (1990), А.Кичинский «Листоноша земля» (1985), Б. Үсенбаев «Таңғы шық» (2012), Н. Оразалин «Боз дүние», «Нұртай» (2001, 2017), Г.Ю. Рутковская «Глазами сердца» (2003), Ұ. Есдәулет «Қара пима» (2007), Э.Мосина «Отсвет Пушкинского взгляда» (2008) және т.б.; журналдар мен газеттер: «Жалын», «Біздің замандас», «Жұлдыз», «Алтын Орда», «Жаңа әлем», «Простор», «Арай», «Дат», «Сахна», «Жас қазақ», «Түркістан», «Айқын», « Қазақ әдебиеті».

Иран-Ғайыптың туыстарының құжаттары:

А.И. Оразбаева «Курс лекций по истории Казахстана для студентов неисторических факультетов»; қыздары Мәрмәр, Шырын және Индира Оразбаевалардың мақтау қағаздары мен дипломдары; облыстық халық депутаттары Кеңесінің депутаттығына кандидаттың куәлігі - Айтжанова Патен Айтжанқызы (1989), П.А.Айтжанованың денсаулық паспорты

Фотоқұжаттары: И.Оразбаевтың қарындашпен салынған портреті (суретті салған Нұрсейіт Ибрагимов).

ИСАБАЕВ Н.И.

Алматы қ. МА, 745 қ., 1т., 103 с.б., 1970-2019жж.



Исабаев Нұртас Ибрагимұлы (13.11.1954) - ақын, прозашы, аудармашы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Мемлекеттік стипендия иегері, Бауыржан Момышұлы атындағы Қайырымдылық қорының өмірлік шығармашылық номиналды стипендиясының және «Құрмет» орденінің иегері, «Мәдениет қайраткері» .

Шығармашылығына байланысты құжаттары: қолжазба және авторлық түзетулерімен өлеңдер жазылған дәптерлер, қойын дәптерлер (1979, 1983, 2003, 2008, 2011, 2019); «Қалаға келгенде» (1990), «Мамаев Қорғанында» арнау өлеңдер (1993); «Туған елім», «Қимаймын сені», «Ұлылықпен сырласу», «Өнерім», «Мені ізде», «Заман сазы», «Арнау» қолжазба өлеңдерінің көшірмесі (1979, 2003); қолжазбалар: «Өлең жассаң, болсын ой мен сезімің» (1983, 2019), «Азаматтық жыры», «Даналық пен даналық» (1994, 2007), «Алматым», «Жан әкем» (2013, 2015) және т.б.

Н.Исабаевтың аудармалары: А.Островский «Атышулы жерде», үш бөлімді комедия, А.Т. Твардовский «Өлеңдер» (2005), Е. Долмотовский «У вечного огня», «Распахнута всегда моя душа!» «Спи мой младенец» (машинкалық жазба), Б.Коган «А душа, как восставшая лава» (1976), «Зимний вечер», «Певчая птица» (машинкалық жазба); Н.Исабаев: «Өмірге күштарлық» роман (2004, 2012). Н. Исабаевтың еңбектері жарияланған кітаптар мен жыр жинақтары: «Айналайын арманым», «Ғашық жүрек» (2008), «Бастау», «Разбег» (1980,1986), «Өмірді сүю» (1987, 1990) және т.б.; Баспасөз беттерінде жарық көрген өлеңдері мен мақалалары: «Жас алаш», «Лениншіл жас», «Әдебиет айдыны», «Поэзия» (1980,1986), «Айқын», «Жас қазақ әдебиеті» (1979-2012), «Низам», «Вечерний Алматы», «Қазақ әдебиеті», «Өркен».

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттары: өмірбаяны, КСРО Жазушыларының одағы А.М.Горький атындағы әдебиет институтының студенттік билеті, Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің куәлігі және Бауыржан Момышұлы атындағы Қайырымдылық қорынан ақынның өмірлік шығармашылығына байланысты арнайы стипендия тағайындау туралы бұйрығы (1994), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі екендігі туралы анықтама; Калинин ауданы мүгедектер қоғамының мүшелік билеті (1989), «Жандос» қоры лауреатының дипломы, бірінші топтағы мүгедектің зейнетақы куәлігі (1980); 50 және 60 жылдық мерейтой құттықтаулары мен ашық хаттары.

Хат алмасулары: Н.Исабаевқа достарынан келген хаттар (1992), Алматы қаласының әкімі В.В.Храпуновқа Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты С.Әбдірахмановтың Н.Исабаевқа пәтер бөлу туралы жазған хаты, Алматы қаласы әкімі аппаратына Тұрғын үй бөлімінен жауап хат, Ә. Жиенбаевтың хаты (түрік тілінде).

Н. Исабаев туралы құжаттар: баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар, «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығының Алғыс хаты (2006), Нұртасқа арналған өлеңдер: Ұ. Есдәулет (1998), Т.Молдағалиев (1986) және т.б.

Фотоқұжаттар: Н.Исабаевтың портреті, суреттер: «60 жылдық мерейтойының» суреттері, «Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архивіндегі кездесуде» (2019), Н.Исабаевқа арналған шығармашылық кешке қатысушы студенттер мен қонақтар. Н.Исабаев, әнші Есет Сәдуақасов және ақын Жадыра Дәрібаева (2019).

ИСМАИЛОВА Г. М.

Алматы қ. МА, 340 қ, 1 т, 59 с.б., 1961-2017жж.



Исмаилова Гүлфайруз Мансұрқызы (15.12.1929-14.05.2013) – суретші, Қазақ КСР Суретшілер одағының мүшесі(1957), Қазақ КСР-на еңбегі сіңген қайраткер (1958), Қазақстанның халық суретшісі (1988.), «Құрмет белгісі» және «Парасат» ордендерінің иегері (1998)

Өмірбаянына байланысты құжаттары: өмірбаяны (1979), құттықтаулар, 1998 жылы Алматы қаласының ОММ- да өткізілген кездесудің ұнтаспасы. Е.М.Сидоркиннің /жұбайы/ (1981, 1997) В.Сидоркиннің /баласы/(1999) жеке көрмелерінің каталогтері.

Г. Исмаилова туралы құжаттар:1979, 1989, 1999 жылдары өткізген жеке мерейтойлар көрмелерінің каталогтары мен жарнамалары, «Караван» және «Экспресс К» (1999), «Вечерняя Алматы» (2000) газеттерінде, «Парасат» журналында жарияланған мақалалары. Е.М.Сидоркиннің «Читая Сакена Сейфуллина», «М.О.Ауэзов» және Г.Исмаилованың «Алпамыс» картиналарының түпнұсқалары. **Фотоқұжаттары:** Жеке (1961), шеберханадағы жұмыс үстінде, «Ботагөз» көркем фильмін түсіру кезіндегі және Е.Сидоркиннің суреттері.

КЕНЖЕБАЕВ С.Д.

Алматы қ. МА, 555 қ, 1 т, 66 с.б., 1945-2013 жж.



Кенжебаев Сағындық Жүнісұлы (15.05.1924-25.12.2018) – көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, педагог, философия ғылымдарының докторы, профессор, академик, Қарқаралы аудандық Комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Қарағанды облыстық Комсомол комитетінің хатшысы, Қазақстан Республикасы Комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Жоғары білім беру министрінің орынбасары, 150-ден астам ғылыми, оқу және публицистикалық жұмыстардың авторы; Ұлы Отан соғысының ардагері, Еңбек Қызыл Ту және Бірінші дүниежүзілік соғыс ордендерімен, Ұлы Жеңіс орденімен (2008), «Ерлік үшін», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

Ғылыми және шығармашылық құжаттары: баяндамалары, дәрістері С.Кенжебаевтың қолжазбалары (1967-2001), С.Кенжебаев «Социальное творчество

масс и строительство коммунизма» (кітабы, 1980), мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары (1969-2004)

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттары - гвардияның аға сержант С. Кенжебаевқа берілген жауынгерлік мінездеме (1945); Алматы педагогикалық шет тілдер институтының ғылыми коммунизм кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор, С.Д.Кенжебаевқа берілген мінездеме; «Ерлігі үшін» медальдарының куәліктері (1948.1949), «I дәрежелі Отан соғысы ордені» кітапшасы (1985), «Еңбек Қызыл Ту» ордені кітапшасы (1957), «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл» мерейтойлық медалінің (1988) және Қазақ ССР-нің 50-жылдығына арналған ескерткіш белгі (1970) куәліктері; БЛКЖО ОК жанындағы Орталық Комсомол мектебінің үздік дипломы (1950), М.В.Ломоносов атындағы Ленин орденді Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетінің үздік дипломы және куәлігі, философия ғылымдарының докторы дипломы (1985), ғылыми коммунизм кафедрасының профессорының аттестаты (1987); КСРО Жоғары және орта арнайы білім министрінің «Еңбек саласындағы жетістіктері үшін» төс белгісімен марапаттау туралы бұйрығы (1974); құрмет грамоталары: БЛКЖО ОК (1956-1957, 1960, 1970), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы (1974), Жоғары және орта арнайы Білім Министрлігі (1973, 1975); алғыс хаттар, құттықтаулар мен ашық хаттар (2008), үкіметтік құттықтаулар және жеделхаттар (1958-1974).

Хат алмасулары: Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Премьер-Министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Білім және Мәдениет министрі И.Н. Тасмағамбетовке Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті, Философия және саясаттану кафедрасының оқытушыларының атынан жазылған С.Кенжебаевты кафедра меңгеруші ретінде қалдыру туралы өтініш хат.

С.Кенжебаев туралы құжаттар: Сағындық Кенжебаев туралы кітаптар (С.Кенжебаевтың қолтаңбасымен) - Ғ.Ғ. Смағұлов «Өшпес өмір іздері» (2010), «Ұлттың Ұлағатты Ұлы» (2013); С.Кенжебаевтың туғанына 80 жыл және ғылыми-педагогикалық қызметтің 40 жылдығына арналған «Мәдениет, білім және тіл философиясының өзекті мәселелері» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның бағдарламасы (2004).

Фотоқұжаттары: жеке суреттері (2004), С.Кенжебаев және КОКП ХХІ кезектен тыс съезінің мүшелері. Мәскеу Кремль (1959).

С. Кенжебаевтың жинақтаған құжаттары: М.Д. Исқалиев «Ұстаздарым замандастарым және әріптестерім туралы» (2013) Ә.Х.Тұрғынбаевтің басқаруымен жинақталған «Социология» -лексиялар курсы авторлық сыйжазба (2001), Қорғанбек Аманжол «Ақиреттік аманат» авторлық сыйжазба (2012), Бижамал Рамазанова «Они творили историю» (2012).

КЕНЖЕТАЕВ К.К.

Алматы қ., 416қ., 1т., 157 с.б., 1941 - 2008 жж.



Кенжетаев Кәукен(Әбдірахым) Кенжетайұлы (25.02.1916 – 15.03.2008) - Қазақ КСР-нің халық әртісі (1959), профессор, опера әншісі-вокалист, киноактер, педагог, Абай атындағы опера және балет театрының режиссері, Алматы мемлекеттік театр және көркемөнер институтының (Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы) музыкалық комедия кафедрасын ұйымдастырушысы, менгерушісі және оқытушысы (1979). Марапаттары:Отан соғысы (1985), Еңбек Қызыл Ту (1959, 1976), Октябрь революциясы (1986),

«Отан» (2000) және «Парасат» (1996)ордендерінің, «Ұлы отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 30жылдығы», «Тарлан» сыйлығының, халықаралық Шыңғыс Айтматов атындағы сыйлықтың, Бүкілодақтық музыкалы шығармалар қойылымдарының лауреаты, «Экран Шебері» (2007) титулымен марапатталған, ҰОС және Еңбек ардагері.

Шығармашылығына байланысты құжаттары: К.Кенжетаевтың баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары: «Саңлақ» (Шәкен Аймановтың 60 жылдық мерейтойы, 1974), «Досым Мұқан» (1981), «Атамекен» (1995), «Қазақы қалжың» (1993), «Бұлбұл үнді аяулым немесе досыма жіберілмеген хат» (1997), «Қазіргі әртістердің «жылайтын» жөні жоқ» (2005), «К.Кенжетаев: комплименты благотворно влияют на здоровье» (2006), «Ел басқарған ер аман болсын!» және т.б., қолжазба естеліктері, сұхбаттары, әдістемелік нұсқаулықтар, ноталық дәптерлері (қолжазба және машинкалық жазба 1951-1991), либреттолары: «Джамбул» (1971), «Кемпір мен Шал» (1995), «Алдар Көсе», сценариилары: «Гэкку», «Бастаңғы» және т.б. «Алатау» ансамблінің жаңа концерттік бағдарламасына музыкалық композиция (1973).

Өмірбаянына байланысты құжаттары: жеке құжаттары: өмірбаяны (2001), ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі президиумы мүшесінің куәлігі (1954), еңбек кітапшасының көшірмесі, мамандарды тіркеу бойынша жеке іс парағы, құрмет грамоталары (1978-1991); мерейтойлық және мерекелік құттықтаулар, өмірбаяны қолжазба, Қазақ КСР-нің халық әртісі, Алматы мемлекеттік театр және кино институтының (Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы) музыкалық комедия кафедрасының менгерушісі, доцент К.Кенжетаевқа Б.А.Төлегенова мен О. Әбішевтің берген пікірлері, мінездемелері (1964), Қазақ КСР-і халық әртісінің куәлігі, Абай атындағы опера және балет театр әншісінің аттестация куәлігі (1980-1988), қызметік куәліктер, Кинематографистер одағының мүшелік билеті (1976), әскери билеті (1963), партия билеті (1974), кәсіподақ билеті (1956), зейнеткер куәлігі.

Хат алмасулары: Евгений Брусиловскийдің қызмет барысында К.Кенжетаевқа жазған хаты (1970), Бүкілодақтық «Актеры советского кино» анықтамалығына енгізу үшін К. Кенжетаевқа «Госфильмофонда» -дан келген хат, КСРО Үлкен театр музейінің Музыкалық энциклопедиясына енгізу үшін және

Целиноград облысы тарихи-өлкетану музейінен Шабал Бейсековаға келген хаттар (1980), Шәкен Аймановтың өмірден өтуіне байланысты қаралы жиында Ғабит Мүсіреповтің сөйлеген сөзі, Мәскеуден Кисилевтің хаты, Ш.Бейсекованың өмірден өтуіне байланысты Қырғызстан Республикасының Елшісі Мұхтар Шахановтың көңіл айту хаты, Павлодар қаласындағы Ш.Айманов атындағы кинотеатр туралы және т.б. хаттар.

К.Кенжетаев туралы құжаттар: баспасөз беттерінде-газет және журналдарға жарияланған мақалалар (1993-2004); Ленин орденді Қазақ мемлекеттік Абай атындағы академиялық опера және балет театрының 50 жылдық мерейтойына орай жарық көрген бүктеме (1984), мерейтойларына байланысты құттықтаулар;

Фотоқұжаттары: жеке суреттері, отбасылық суреттері-жары Шабал Бейсековамен, немересі Әселмен. Шәкен Аймановпен қоштасу жерлеу алдындағы сурет. 1942-1946 жылдардағы Хабаровскідегі шекарашылар ансамблінің фотоальбомы (1944-1946); театр сахнасында сомдаған рөлдері: «Жалбыр»-Жалбыр, «Тайшық хан»-Тайшық хан, «Князь Игорь»-Игорь, «Дударай»- урядник, «Аида»-Аманасро, «Кармен»-Эскамильо, «Трубадур» - граф да Луна, «Руслан и Людмила» - Руслан, «Біржан-Сара»-Жанбота және т.б.; көркем фильм суреттері: «За нами Москва»-Бауыржан Момышұлы рөлінде (1967), «Возвращение на землю»-режиссер рөлінде, «За нами Москва»; фильмін түсіру барысында режиссер М.Бегалин және Кәукен Кенжетаев, «Ән қанатында»-Нұртаза (1968), «Следы уходят за горизонт» (1964), «Однажды и на всю жизнь» (1974), «Қызылтас заставасында», «Год Беркута»-Хортай, «Оттағы Орал», және т.б. суреттері. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевпен түскен суреті. Бауыры Ш.Аймановтың суреттері. Өнер қайраткерлері: Ғ.Құрманғалиев, Б.Жылысбаев, Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, Ш.Айтматов, С.Оразбаев, Ә.Сығай, жазушылар: Ә.Нұршайықов, Д.Исабеков, профессор Т.Кәкішев және де көптеген танымал тұлғалармен түскен топтық суреттері, әріптестері мен шәкірттері арасында және т.б. суреттері.

К. Кенжетаевтың жинақтаған құжаттары: П.Чайковский «Пиковая дама» (1938), «Қырық қыз». Жиен Жырау (1959), А Олейникова «Живая песня, Б.Тулегенова» (1984), «Абайдың акын шәкірттері» (1994), З.К. Әбілканова «Театр – өнер, Театр - өмір» (естеліктер, 2001), Қ. Сәрсекеев «Төрттаған» (2005), «Театр оперы и балета» (1984) және т.б.

Сыйжазба кітаптар: М. Балакирев «Приди ко мне» В. Рябова, Б. Гизатов «Казахский оркестр имени Курмангазы» (1994), «Шақыру және бағдарлама» (2001), М. Сәрсеке «Ебіней Бөкетов», «К 110-летию С. Бегалина» (2005) және т.б.

Туыстарының құжаттары: Әкесі - Кенжетай Айманұлының бес дәптер қолжазбасы (араб әлібиінде).

КОВШАРЬ А.Ф.

Алматы қ. МА, 464 қ, 1 т, 71 с.б., 1962-2009 жж.



Ковшарь Анатолий Федорович (17.03.1937ж.т.) - белгілі қазақстандық зоолог, Қазақстан Ғылым Академиясы зоология институты Орнитология зертханасының меңгерушісі, «Селевиния» журналының негізін қалаушы және бас редакторы, Қазақстанның Қызыл кітабының ғылыми редакторы, Қазақстан Құстарын қорғау одағының президенті, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, биология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылыми және шығармашылық қызметіне байланысты

